

№11 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Айтжанова Гүлжайна Айтжанқызының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Айтжанова Гүлжайна Айтжанқызы 1978 жылы 28 тамызда Жалағаш ауданы Аққұм ауылында дүниеге келген. Ауылдағы №38 орта мектепті бітіріп, М.Әуезов атындағы мемлекеттік университеттің «Мәдени тынығу», Болашақ университетінің «Музыкалық білім» бөлімінде білім алған.

Еңбек жолын Аққұм ауылдық клубында көркемдік жетекші болып бастап, қазір аталған клубтың басшысы болып жұмыс жасайды. Отбасында бір қыз, бір ұл тәрбиеленіп отыр. Осы қызметті атқарған уақытта клубта үйірме жұмыстарын жандандырып, тәрбиеленген оқушылары республикалық, облыстық, аудандық байқау жүлдегерлері атанды. Жетістіктерінің нәтижесінде бірнеше рет облыс, аудан өкімдерінің алғыс хатымен марапатталған.

2021 жылы өткен ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына түсіп, VII шақырылған Жалағаш аудандық мәслихат депутаты атанды. 2 жылда ауылдың көркеюі мен дамуы жолында, көптеген жобалардың орындалуына атсалысты. Аудандық мәслихаттың қабырғасында атқарушы органдарға депутаттық сауалдар жолдап, жол жарық сынды мәселелердің оң шешілуіне ықпал етті.

2014 жылы аудан әкімінің алғыс хатымен «Жыл үздігі», «Мәдениет майталманы» номинациясымен марапатталған.

2017 жылы облыстық С.Сармолдин атындағы «Үздік клуб – 2017» байқауында бас жүлде иегері атанды. 2017 жылы Ұлттық рейтинг орталығының «Айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен, 2018 жылы «Қазақстан Таланттары» шығармашылық дамыту орталығының

«Мәдениет майталманы» төсбелгісімен, 2019 жылы «Жеті өнер» шығармашылығы орталығының «Үздік Көшбасшы» төсбелгісімен, 2019 жылы Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағынан «Еңбек даңқы» төсбелгісімен, 2019 жылы «Жалағаш ауданына – 80 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталды.

2020 жылы Мәдениет және өнер саласы ұйымдары мен қызметкерлерінің «Рухани Қазына – 2020» фестивалінде клуб ұжымы «Үздік ауылдық мәдениет үйі, клубы» номинациясына ие болды.

2022 жылы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғыс хатымен, 2022 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында Аққұм ауылында 2024 жылға дейін З.Лекерев, Х.Сарбасов, Аққұм және кезең-кезеңімен қалған көшелердің жөндеуімен айналысамын.

2. 2026 жылға дейін Жаңадария ауылының ішкі көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

3. Аққұм, Жаңадария ауылдарына кәсіпкерлердің демеушілігімен балалар ойын алаңын салуға;

4. Аққұм ауылында Қ.Бекенов, З.Лекерев, Абай, Е.Түменбаев, М.Нұрқожаев, И.Мұстапов көшелерін толық жарықтандыру мәселесі тұр. Осы жұмыстардың шешілуі бойынша тиісті атқарушы органдармен жұмыс жасайтын боламын.

5. Аудандық маңызы бар «Есет батыр-Жаңадария» автомобиль жолын орташа жөндеуге;

6. 2026 жылға дейін Аққұм елді мекеніне газ желісін тартуға;

7. Аққұм ауылындағы футбол ойын алаңына жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

8. Жаңадария ауылындағы №203 орта мектеп ғимараты күрделі жөндеуді қажет етеді. Осы білім ордасының тиісті жөндеу жұмыстарына атсалысатын боламын.

9. Тұрмысы төмен отбасылардың, көпбалалы аналардың, ерекше балалардың, жалғызбалалы кісілердің жағдайын ерқашан назарда ұстап, барлық әлеуметтік жеңілдіктердің орындалуын қадағалап, толыққанды өмір сүру үшін жағдай жасауға көмектесу;

10. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде ауылдық округте кәсіпкерлікті дамытуға, оның ішінде мал шаруашылығын және бау-бақша өнімдерін арттыруға;

11. Шағын және орта бизнесті дамыту, жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге жұмыс жасап, жергілікті бюджетке қосымша кіріс көздерін ашуды ұйымдастыруға;

12. Елді мекеннің халқын тұрақтандыру мақсатында отбасының рөлін арттыратын және отбасылық құндылықтарды нығайтатын, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды насихаттайтын түрлі мәдени шараларды өткізуге;

13. «Таза ауыл» мәдениетін қалыптастыру үшін көркейту-көгалдандыру жұмыстарын әрі қарай жандандыруға ықпал етемін.

Құрметті сайлаушылар!

Біз сіздермен бірлесіп жұмыс жасап, бір-бірімізді сеніммен қолдағанда ғана барлық жоспарларымызды толық жүзеге асырамыз. Сіздерді ерқашан тыңдауға



дайынмын және ұсыныс-пікірлеріңізді тиісті органдарға жеткізуге жұмыс жасаймын. Өз қалауымдағы халықты жасауға емес, сіздер қалаған, сіздер таңдаған депутат бейнесін қалыптастыруға бар күш-жігерімді саламын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№11 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Турганов Канат Жаксыбаевичтың өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Турганов Канат Жаксыбаевич 1973 жылы 27 мамырда Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жаңадария ауылында дүниеге келген.

1980 жылы Жалағаш ауданы Жаңадария ауылындағы №203 орта мектепке 1 сыныпқа қабылданған.

1990 жылы сол мектепті бітіріп, Қорқыт ата атындағы педагогикалық институттың «Тарих және құқықтану» факультетіне оқуға түскен.

1994 жылы институтты бітірген соң №232 орта мектепке аудандық білім бөлімінің бұйрығы бойынша тарих және құқықтану пәнінің мұғалімі болып жұмысқа қабылданған.

1995 жылдан бастап №203 орта мектепке мұғалім болып ауысқан.

Қазіргі уақытта сол мектепте жұмыс жасайды.

Жалағаш аудандық білім бөлімінің алғысымен марапатталған.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің алғыс хатына ие болған.

Жалағаш аудандық білім бөлімі мен аудандық кәсіп-одақ комитетінің «Құрмет» грамотасына қол жеткізген.

Халықаралық Ғылым мен білімді қолдау орталығының алғыс хатымен марапатталған.

Бұрынғы «Нұр Отан» партиясының, аудан әкімінің, Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының алғысымен марапатталған.

Отбасылы, жолдасы Абизова Айман Пернебековна 1976 жылы туған. №203 орта мектепте математика пәнінің мұғалімі. Сегіз бала тәрбиеленіп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Алдағы саяси науқанда кандидат ретінде бақ сынап отырмайын. Ондағы мақсат – қара бастың емес, халықтың

қамы, елдің талап-тілегін мінбердегілерге жеткізіп, ауылдық елді мекендердегі тұралаған мәселелердің шешімін табу. Егер алдағы уақытта депутат болсам, бірқатар мақсат-міндеттердің жүзеге асуына бар қарым-қабілетімді, күш-жігерімді жұмсаймын.

Қазір ел арасында жол электр жарығы, әлеуметтік ғимараттардың сапасына қатысты мәселелер жиі айтылады. Сондықтан мен ең әуелі Аққұм ауылындағы З.Лекерев, Х.Сарбасов, Аққұм көшелерінің сапасына мән беремін. Бұл жұмыстарды 2024 жылға дейін жүзеге асыруға бел буып отырымын.

Ал 2026 жылға дейін Жаңадария ауылының ішкі көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге себепкер боламын. Аққұм, Жаңадария ауылдарына кәсіпкерлердің демеушілігімен балалар ойын алаңын салуға атсалысамын.

Аққұм ауылындағы Қ.Бекенов, З.Лекерев, Абай, Е.Түменбаев, М.Нұрқожаев, И.Мұстапов көшелерін толық жарықтандыру қажет. Осы мәселелердің шешілуі бойынша тиісті атқарушы органдармен жұмыс жасап, ел арасындағы түйткілді мәселелердің шешілуіне күш саламын.

Аудандық маңызы бар «Есет батыр-Жаңадария» автомобиль жолын орташа жөндеу қажеттігі бұған дейін де айтылған. Былтыр жол құрылысы басталды. Бұйыртыс, басталған істі аяқсыз қалдырмауға, құрылыс сапасын бақылауға күш саламын.

Қазір аудан орталығын былай қойғанда ауылдық елді мекендерді газдандыру жобалары қолға алына бастады. Осы ретте күрежолдың бойында орналасқан Аққұм елді мекеніне газ желісін тарту қажет деп есептеймін. Бұл жұмыстарды 2026 жылға дейін толық аяқтау қажет.

Аққұм ауылындағы футбол ойын алаңына жөндеу жұмыстарын жүргізуге күш саламын.

Жаңадария ауылындағы №203 орта мектеп ғимараты күрделі жөндеуді қажет етіп тұр. Осы білім ордасының

тиісті жөндеу жұмыстарына атсалысатын боламын.

Тұрмысы төмен отбасылардың, көпбалалы аналардың, ерекше балалардың, жалғызбалалы кісілердің жағдайын ерқашан назарда ұстап, барлық әлеуметтік жеңілдіктердің орындалуын қадағалап, толыққанды өмір сүруі үшін жағдай жасаймын.

Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде ауылдық округте кәсіпкерлікті дамытуға, оның ішінде мал шаруашылығын және бау-бақша өнімдерін арттыруға, шағын және орта бизнесті дамыту, жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге жұмыс жасап, жергілікті бюджетке қосымша кіріс көздерін ашуды ұйымдастыруға атсалысамын.

Елді мекеннің халқын тұрақтандыру мақсатында отбасының рөлін арттыратын және отбасылық құндылықтарды нығайтатын, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды насихаттайтын түрлі мәдени шараларды өткізуге себепкер боламын.

«Таза ауыл» мәдениетін қалыптастыру үшін көркейту-көгалдандыру жұмыстарын әрі қарай жандандыруға ықпал етемін.

Қадірлі ағайын!

Сайлаудың да басталуына он күннен астам уақыт қалды. Сіздердің таңдау жасап, дауыс беруде дұрыс шешім қабылдайтындарыңызға сенемін. Елдің ертеңіне жұмыс жасайтын уақыт келді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын бірге жүзеге асырамыз десеніздер баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын.

Иә, қазір елдің ішінде тұралаған мәселе көп. Әсіресе ауылдық елді мекендерде жетіп артылады. Оның бәрін бір уақытта жүзеге асыру мүмкін емес. Алайда мінбердегілерге жеткізіп, кезең-кезеңімен жүзеге асыруға мүмкіндік жоқ емес.



Құрметті сайлаушылар!

Ауылдың болашағын жарқын ету сіз бен біздің қолымызда. Сіздер дауыс таңдау жасап, маған дауыс берсеңіздер, мен қашанда елдің сенімін ақтауға дайынмын. Сондықтан алдағы саяси науқанда баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№11 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Көшерев Абай Қырғызбайұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Көшерев Абай Қырғызбайұлы 1981 жылы 20 ақпанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққұм ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын 2004 жылдың 1 қазанда Қызылорда облыстық статистика басқармасының Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылдық округінде статист маманының міндетін уақытша атқарушы болып бастады.

2004-2005 жылдары Қызылорда облыстық статистика басқармасының Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылдық округінің статист маманы;

2005-2007 жылдары Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппаратының маманы;

2007-2008 жылдары Жалағаш ауданы Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратында маман міндетін уақытша атқарушы;

2008-2017 жылдары Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы болып қызмет еткен.

2017 жылы 17 тамыздан бастап Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман қызметін атқарып келеді.

Отбасылы. 2 ұл, 2 қыз тәрбиеленіп отыр.

Қадірлі жерлестер!

19 наурызда ҚР Мәжілісі және мәслихат депутаттары сайлау науқанына өзіміздің кандидатурамды ұсындым. Мақсатым ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын одан әрі дамытып, тұрғындардың әл-ауқатын арттыру болып табылады. Ол үшін мен мәслихат депутаты

болып, халықтың мәселелерін мінберде көтеремін. Сондықтан елді мекеннің өзекті мәселелерін жан-жақты бағамдап, жүйелі сайлауалды бағдарламамды жазып шықтым. Сол бағдарламамның орындалуы сіздердің қолдауларыңызға байланысты болмақ. «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені» демекші, мен өз уәдемде тұрамын.

Сайлауалды бағдарламасы

Абаттанған ауыл, қуатты мемлекет

1. Ауылда балалар тәрбиесіне, білім және денсаулық сақтау саласына көңіл бөліп, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына, сонымен қатар мемлекет тарапынан қабылданған бағдарламалардың орындалуына баса назар аударамын.

2. Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстап мақсатында құзырлы органдарға өткір мәселелер қойып, шешімін табуына, ауыл жастарының бос уақытында мәдени, қоғамдық жұмыстармен спортпен шұғылдануына, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартуға ықпал етемін.

3. Мемлекеттік «Жасыл ел» бағдарламасы аясында ауылдық округті көркейту-көгалдандыру жұмыстарын қолға аламын.

4. Ауылда ұжымдық полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және көше комитеті тараптарымен бірлесіп отырып, жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіптің сақталуына, ауылдағы көше тазалығына мән беру, құл-қоқыстарды арнайы

тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын.

5. Ауылдық округтегі ауыл шаруашылық саласын өркендету мақсатында пайыздық үстемалысы төмен несиелік бағдарламалар қарастыруға, ауылымыздан түлеп ұшқан беделді азаматтармен акциялар өткізе отырып, мәдени, спорттық іс-шараларға демеушілік жасауға, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға демеушілік жасауға тікелей ықпал етемін.

6. Ауылдық округке коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын және автомобиль жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөндеуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз етіп, елді мекен көшелеріне кезең-кезеңімен асфальт төселуіне және көше жарығын орнатуға ықпал етемін.

7. Ауылдық округтегі балалардың мектепке толық тартылуын қамтамасыз етуге, тұрмысы төмен отбасы балаларына мемлекет тарапынан қамқорлық жасауды қадағалаймын, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш саламын.

Құрметті сайлаушылар!

Ата-баба мұрасын қастерлеп, құрметтейтін және ауыл болашағы үшін бар пейілімен алаңдайтын ербір сайлаушы менің бастамаларымды қолдайтынына және ауданымызды одан әрі дамыту жолындағы ортақ істе қозғаушы күшке айналатынына сенімдімін. Сондықтан алдағы саяси науқанда маған дауыс берулеріңізді сұраймын. Ел дамуында елеулі еңбек етемін!



Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№12 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Ержанов Галымжан Дастановичтың өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Ержанов Галымжан Дастанович 1983 жылы 2 қаңтарда Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1988 жылы аудан орталығындағы №123 орта мектептің табалдырығын аттап, 1999 жылы үздік төмамдаған. 1999 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Академиялық университетіне оқуға түсіп, 2003 жылы «Заңгер» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2003 жылы мұнай саласында бастаған. 2004-2005 жылдары әскер қатарында болып, Отан алдындағы борышын өтеді.

2006 жылы 14 желтоқсанда Жалағаш аудандық ішкі істер бөліміне уәскелік полиция инспекторының көмекшісі болып жұмысқа орналасқан. 2007 жылы наурыз айында аталған бөлімде анықтаушы қызметін атқарған. 2008 жылы ішкі істер бөлімінде аға жедел уәскелік қызметін атқарды. 2011-2012 жылдары Еңбек ауылында ауылдық уәскелік полиция инспекторы болып жұмыс жасаған. 2013-2018 жылдары Қызылорда облыстық «Грек-рим, еркін және өйделер күресі» федерациясының қоғамдық бірлестігінде спорт менеджері қызметін абыроймен атқарды. 2016-2021 жылдары Қызылорда қалалық «Нұр-Фат» ЖК-да спорт бөлімінің басшысы қызметін атқарған. 2022 жылдың 13 мамырынан бастап Жалағаш аудандық мәдениет және спорт бөлімінің «Наркескен спорт клубы» КММ директоры қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, 1 ұл тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Еңбек ауылдық округі бойынша

Еңсе тіктеген Еңбекте жарқын жобалар жетерлік. Бастысы, оның бәрі бүгінде қарапайым халықтың қажетіне жарап тұр. Десе де ауылда әлі де шешімін таппаған мәселелер жетерлік. Ал оның шешіміне жұмыс

жасай отырып, халықтың талап-тілегіне зейін қою басты міндетім. Бастысы, халықтың қолдауы болса, олардың мемлекеттік қолдаулардан құр қалмауына аянбай еңбек етемін.

Жол сапасы бәрінен маңызды

Соңғы жылдары Еңбекте ішкі көшелердің сапасына мән беріліп келеді. Былтырдың өзінде бірнеше ішкі көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүрді. Десе де ауылда әлі де сапасы сын көтермейтін ішкі жолдар жоқ емес. Сондықтан 2023 жылы Еңбектегі Мардан Байділдаев, Абай Құнанбаев, Төлеген Дәуітбаев көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарының жүруіне ықпал етемін. Сондай-ақ сөз басында айтқанымадай, жол құрылысының сапасы да бақылауымда болады. Бір сөзбен айтқанда, 2025 жылға дейін Еңбекте жол сапасына қатысты мәселенің түбегейлі шешілуіне ықпал етемін.

Өңірлерді дамыту бағдарламасы бойынша Құйрықбай Адаев, Ешмұрат Бисенбаев, Ынтымақ көшелеріне түнгі көше жарығының жүргізілуіне ықпал етемін. Ауылдың көше жарығын қамтамасыз етіп отырған трансформаторды жаңарту үшін бюджеттік өтімді ұсынылатын болады.

Ауыл өкімдігінің ғимаратына да күрделі жөндеу жұмыстарының жүріні атсалысамын.

Спорт – денсаулық кепілі

Өзім осы салада қызмет атқарғандықтан спорттың жалпы адамзат баласына пайдасын жақсы білемін. Сондықтан ауыл жастарының спортпен шұғылдануына жағдай жасаймын, тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстануына бар мүмкіндікті қарастырамын. Демеушілер есебінен ауылдан шағын футбол және балалар ойын алаңының салынуына ықпал етемін.

Аламесек ауылдық округі бойынша

Аламесек те – аудан орталығынан шалғай жатқан ауылдардың бірі. Екі мыңға жуық халқы бар елді мекеннің бұйыртыса, екінші тынысын ашуға жұмыс жасаймын. Былтыр да Есет батырда еңселі жобалар жүзеге асты. Бірақ мұның барлығы жалғасын табуы тиіс.

Халық денсаулығы – ұлт байлығы

Аламесектегі ағайын ауылдық емхана ғимаратына қатысты соңғы жылдары жиі мәселе көтеріп жүр. Ауылдағы медициналық нысанның қазіргі жағдайымен өзім де таныспын. Сондықтан биыл Есет батырда дәрігерлік амбулатория ғимараты құрылысының басталуына ықпал етемін. Құрылыс сапасы да ұдайы бақылауымда болады. Себебі халықтың қажетіне деп қолға алынған жобалардың ел игілігін көруі тиіс.

Шыны керек, ауылдағы ішкі көшелердің бәрінің бүгінде тозығы жеткен. Бұған қатысты алдағы уақытта бірқатар жобалардың қолға алынуына жұмыс жасап, ауылдағы жол сапасының жақсаруына атсалысамын.

Елді мекендегі электр желілерін жаңарту бойынша

Ауылдағы ағайынды тыңдасан, көбіне жол аяқ су, ауыз су, электр жарығына қатысты мәселелер көтереді. Аламесекте де бұларға қатысты мәселе жоқ емес. Алдағы 1-2 жылдың ішінде ауылдағы тұрғын үйлер секторының электр желілерін жаңартуға ықпал етемін.

Көше жарығы қалыпқа келеді

Аламесекте кіреберіс жолға жарық бағаналары орнатылды, енді басқа да ішкі көшелерге жарық жүргізілуі тиіс деп есептеймін. Сондықтан алдағы уақытта



демеушілердің және бюджет қаражаты есебінен бұл жұмыстардың жүзеге асуына ықпал етемін.

Сапалы ауыз су – денсаулық кепілі

Қазір ауданға қарасты барлық елді мекенде ауыз су жүйесін жаңарту жұмыстары толық жүзеге асты. Енді Есет батыр ауылындағы ауыз су жүйесін кеңейту жұмыстарына басымдық беру керек. Осыны жүзеге асырып, тұрғындардың тәулік бойы сапалы ауыз суға қол жеткізуіне ықпал етемін.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№12 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Сыздықов Асқар Бұғыбайұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Сыздықов Асқар Бұғыбайұлы 1983 жылы 8 мамырда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақарық ауылында дүниеге келген.

1990-2000 жылдары №124 орта мектепте орта білім алған.

2000-2004 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін тарих мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

Еңбек жолын 2004 жылы Ақарық ауылының №124 орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып бастады.

2021 жылдың қыркүйек айынан бастап №124 орта мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет етуде.

Отбасылы, 4 баланың әкесі.

Қадірлі жерлестер!

Қандай кезең болса да Отаным, туған еліме қызмет етуден шаршамаймын. Сондықтан 19 наурыз ҚР-сың Мәжілісі және әртүрлі деңгейдегі мәслихат депутаттың сайлауға үміткер ретінде өзімнің кандидатурамды ұсындым. Сайлауалды бағдарламалар өңірдің өзекті мәселелері жан-жақты пысықталып, нақты атқарылатын жұмыстар көрсетілген.

Сайлауалды бағдарламасы

Ауыл – ел бесігі

1. Аудан халқының әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жаңа жұмыс көздерін ашуға жағдай жасау.

2. Мемлекеттік жекеменшік әріптестік аясында ауданға, елді мекендерге қажетті әлеуметтік нысандарды салдыру.

3. Ауданымызды, ауылдардың көркейіп-көгалдануына, абаттандыруға үлес қосу.

4. Жаңа жобалар мен тың бастамаларды жүзеге асыру бағытында аймаққа инвесторлар тарту.

5. Денсаулық сақтау саласындағы халыққа тегін дәрігерлік қызметтің неғұрлым көбеюіне, ана мен баланың өлімін болдырмауға ықпал ету.

6. Ауданымыздың, ауылымыздың жолдарын жөндеуге, электр желілерінің кедергісіз жұмыс атқаруына ықпал ету.

7. Аудан және ауыл жастарына өңірді дамытуға қажетті мамандықтар бойынша грант бөлуге атсалысу.

8. Әлеуметтік осал топтарға бағытталған қолдау шараларын күшейту.

9. Білім беру, денсаулық, мәдениет саласындағы қызметкерлердің нәртебесін арттыру.

10. Кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған бағдарламалар арқылы жергілікті жастарды жаңа кәсіп көздерін ашуға тарту.

11. Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстау мақсатында құзырлы органдарға өткір мәселелер қойып, шешімін табуына, ауыл жастарының бос уақытында мәдени, қоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылдануына, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартуға ықпал етемін.

12. Мемлекеттік “Жасыл ел” бағдарламасы аясында ауылдық округті көркейту-көгалдандыру жұмыстарын қолға аламын.

13. Ауылда уәскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және көше комитеті төрағаларымен бірлесіп отырып, жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіпті сақтауына, ауылдағы көше тазалығына мән беру, құл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын.

14. Ауылдық округтегі ауыл шаруашылық саласын өркендету мақсатында пайыздық үстем-ақысы төмен несиелік бағдарламалар қарастыруға, ауылымыздан түлеп ұшқан беделді азаматтармен акциялар өткізе отырып, мәдени, спорттық іс-шараларға демеушілік жасауға, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға демеушілік жасауға тікелей ықпал етемін.

Құрметті сайлаушылар!

Ауыл дамыса, ел дамиды. Бұл сөзбен мен толықтай келісемін. Өйткені өзім ауылдың қара топырағында айналып, ауасын жұтып ер жеттім. Ауылдың менің ер азамат болып өсуіме бергені көп. Сондықтан ауыл халқының жағдайының жақсаруы, әлеуметтік әлеуетінің артуы, әсіресе жастардың жан-жақты дамуы мен үшін өте маңызды. Менің мақсатым – ауыл тұрғындарына өмір сүруге қолайлы орта жасау.

Егер мәслихат депутаты болып жатсам, халықтың сұранысына сай еңбек етуге барымды саламын. Алдағы өтетін өліміз үшін маңызды саяси науқанда сіздерді белсенді қатысады деп ойлаймын. Тек



қатысып қана қоймай, дұрыс таңдау жасауға шақырамын. Ер жігіт болғасын, туған жерге қызмет ету парызым деп санаймын. Ерім дейтін ел болмаса, өлім дейтін ер болмас демеуші, маған сенім артсаңыздар, барлық күш-жігерімді, білімімді өңір дамуына аянбай жұмсаймын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№12 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Бейсенбаев Руслан Асылбекұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Бейсенбаев Руслан Асылбекұлы 1990 жылы 6 қыркүйекте Жалағаш ауданы Еңбек ауылында дүниеге келген.

Еңбек ауылында 1997 жылы №232 орта мектепке 1 сыныпқа қабылданған.

Ақтөбе облыстық медициналық колледжі конкурсына қатысып, грантпен жалпы тәжірибелі фельдшер мамандығы бойынша оқуға түскен.

Қызылорда қаласындағы медициналық орталыққа жұмысқа орналасқан. 2013 жылы Еңбек ауылдық дәрігерлік амбулаториясына қызметке орналасқан.

Қазірге дейін ауылда елдің денсаулығына жана-шырлықпен қызмет жасап келеді.

2016 жылы кешенді тест тапсырып, Оңтүстік Қазақстан өңірі Шымкент қаласына сырттай психолог мамандығына тапсырып, 2019 жылы бітірген. Қазіргі уақытта елде дансаулық саласына аз да болса көмектесіп келеді.

Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Еңбек ауылдық округі бойынша

Ауылда әлі де шешімін таппаған мәселелер бар. Алдағы уақытта соның барлығын кезең-кезеңімен шешу жұмыс жасаймын.

Еңбекте ішкі көшелердің сапасына қатысты мәселелер де жетерлік. Сондықтан 2023 жылы Мардан Байділдаев, Абай Құнанбаев, Төлеген Дәуітбаев көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарының жүруіне

атсалысамын. Жалпы, 2025 жылға дейін Еңбекте жол сапасына қатысты мәселенің толық шешімін табуына күш саламын.

Құйрықбай Адаев, Ешмұрат Бисенбаев, Ынтымақ көшелеріне түнгі көше жарығының жүргізілуі тиіс. Бұл мәселелерді жоғарыға жеткізіп, ауылдағы трансформаторды жаңарту үшін бюджеттік өтімді ұсынылуына ықпал етемін.

Ауыл өкімдігінің ғимаратына да күрделі жөндеу қажет. Сапасы сын көтермейтін нысанның мәселесі де назарымда болады.

Демеушілер есебінен ауылдан шағын футбол және балалар ойын алаңының салынуына ықпал етемін.

Мардан Байділдаев атындағы №232 орта мектептің жылу жүйесін жаңарту үшін жоба сметалық құжат әзірленуіне себепкер боламын.

Аламесек ауылдық округі бойынша

Ауылдағы медициналық нысанның қазіргі жағдайы көңіл кенішпейді. Мұны аламесектіктер де жергілікті биліктің назарына жиі салып жүр. Биыл Есет батырда дәрігерлік амбулатория ғимараты құрылысының басталуына себепкер боламын. Бұйыртыса, жуық арада елдің бұған қатысты мәселесі түбегейлі шешімін табатын болады.

Ауылдағы ішкі көшелердің де бүгінде сапасы сын көтермейді. Сондықтан алдағы уақытта Аламесекте жол құрылысының қарқын алуына ықпал етемін.

Аламесекте жол аяқ су, ауыз су, электр жарығына қатысты мәселелер жоқ емес. Алдағы 1-2 жылдың ішінде ауылдағы тұрғын үйлер секторының электр

желілерін жаңартуға жұмыс жасаймын.

Ауылда ішкі көшелерге жарық жүргізілуі тиіс деп есептеймін. Сондықтан алдағы уақытта демеушілердің және бюджет қаражаты есебінен бұл жұмыстардың жүзеге асуына ықпал етемін. Бұған қатысты да жергілікті тұрғындар жиі мәселе көтерген болатын.

Есет батыр ауылындағы ауыз су жүйесін кеңейту жұмыстарын жүзеге асырамын. Бұл арқылы тұрғындардың тәулік бойы сапалы ауыз суға қол жеткізуіне мүмкіндік беремін.

Қадірлі ағайын!

Алдағы саяси науқан ел болашағы үшін аса маңызға ие екенін өздеріңіз де жақсы білесіздер. Сіздер өз таңдауларыңыз арқылы елді мекендердегі тұралаған мәселелердің шешімін табысаңыздар. Сондықтан алдағы сайлауда дұрыс таңдау жасайды деген сенімдемін. Мен үшін елдің талап-тілегі бәрінен маңызды. Халық айтса, қалып айтпайды. Демек, ел мәселесі күрделі болғандықтан көтереді. Ал оның құрмелуіне жол бермеу үшін халықтың әрбір көтерген мәселесіне жіті мән беруіміз керек. Менің басты ұстанымым да осы.

Құрметті сайлаушылар!

Ауылдық елді мекендердің мәселесі мені де бейжай қалдырмайды. Сайлаушылардың барлығы ауылдық елді мекен өкілдері болғандықтан сіздерде де туған жерге деген жанашырлық қасиет бар деп ойаймын. Ауылдың болашағы – әрбіріміздің болашағымыз. Ауылдағы шаруа ширап, болашағы



жарқын болсын десең, алдағы сайлаудың маңызына үңілейік, дауыс берерде ойымызды сараптайық. Мен үшін депутат болу мақсат емес, елдің талап-тілегі ескерілсе, сол маңызды.

Иә, алдағы сайлауға да санаулы күндер қалды. Бұл саяси науқан – бізге жарқын болашақты бірге құруға берілген мүмкіндік. Сол мүмкіндікті құр жібемей, маған саяси науқанда дауыс берсеңіздер, ауылдың да болашағын жарқын етуге атсалысамын. Сіздердің дауыстарыңыз бәрінен маңызды. Мен үшін ел сенімінен артық баға жоқ.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№2 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат **Курақбаев Бозжан Тулеутаевичтың өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**

Өмірбаяны

Курақбаев Бозжан Тулеутаевич 1968 жылы 3 желтоқсанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кентінде дүниеге келген.

1977 жылы Жалағаш кентіндегі №202 орта мектеп табалдырығын аттап, 1984 жылы бітірген.

Сол жылдың қыркүйегінде Жалағаш аудандық №15 орта кәсіптік-техникалық училищесіне түсіп, оны 1987 жылы бітірген.

1987-1989 жылдары Моңғол халық республикасындағы №64430 әскери бөлімінде Отан алдындағы әскери борышын өтеген.

2005 жылы Алматы қаласындағы гуманитарлық коммерциялық колледжіне оқуға түсіп, оны 2008 жылы бітірген.

Еңбек жолын 2008-2010 жылдары Қызылорда облысы Жалағаш ауданы бойынша «Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған» қоғамдық қабылдау бөлімшесінің инспекторы болып бастаған. 2011-2012 жылдары Қызылорда облыстық мәдениет басқармасының инспекторы болып қажырлы еңбек еткен. 2012-2013 жылдары Жалағаш ауданы Таң ауылдық мәдениет үйінің үйірме жетекшісі болып жұмыс жасаған. 2013-2014 жылдары Қызылорда қаласындағы «Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының» әдіскері болып қызмет атқарды. 2014 жылдан бастап Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының «Ақсу ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында техник-механик болып жұмыс істеп келеді.

Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Билік мәңгілік емес, ақиқат мәңгілік!

Мен өзімнің сайлауалды бағдарламамда үйіп-төгіп үде беруден аулақпын. Ой өрісі, саяси тәжірибелік күш-қуатым жететін, нақты қолдан келетін жұмыстарды ғана алға тартпақпын. Бүгінгі халық бір қап күрішке не бір келі шайға малданатын халық емес. Аудан халқының ой-санасы өсті, көкірегі ояу, көзі ашық. Елдің ертеңі, ұрпағының болашағын ойлайтын жастардың өсіп келе жатқанына сенімдімін.

Қазіргі жемсауыты жемқорлыққа толы мына қоғамда үзденің қуны көк тиын болды. Халық құрғақ сөзден қажыды. Сондықтан мен бұрыннан атқарып келе жатқан ақиқаттың ақ жолындағы күресімді ары қарай жалғастыра беремін.

Біріншіден, елдегі демократиялықты, тәуелсіздікті орнықтыру, әрбір адамның өзіндік үні, өзіндік құқығы болуы қажет. Ол ештеңеге алаңдамайтын зайырлы, өркениетті Ата заңды аяқасты етпейтін мемлекетте өмір сүруге тиіс.

Халықтың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайы жоғары, өз байлығы өзіне бұйыруы керек. Шырылдап шыңдықты айтушының талап-тілегі ескеріліп, билік олармен есептесу қажет. Мемлекеттің ең басты баға жетпес байлығы ол – адам. Сондықтан оларға жасалатын әлеуметтік жағдай жариялық түрде, биліктің тарапынан өздеріне жасап жатқан ас та төк дарақылыққа, елдегілердің еңсесін басқан түрлі бюрократтыққа тосқауыл болуы керек.

Қысқаша айтқанда, «қазаннан қақпақ» кетпеу қажет. Ол үшін мәслихат депутаттары өшкімнің қолбаласы болмай, тәуелсіз түрде халықтың мұң-

мұқтажы үшін аудандағы күрделі мәселелердің шешімін табуымыз қажет.

Атап айтқанда, ауыз су, аяқ су, көшелердің асфальтталуы, көше жарығы, денсаулық сауықтыру кешені, мәдениет нысандары, ойын алаңдары, елең алған жұмыссыздық мәселелерін жоюға жұмыс жүргізуіміз керек.

Егер сайлаушылар осы ақиқатты өздері үшін, өздерінің ұрпағы үшін қолдайтын болса, маған дауыс береді деген сенімдемін. Осы жолда үкілі үміттеріңізді ақтау үшін аянбаймын!

Бұл мақсат-міндеттерді жүзеге асыруға қарым-қабілетім жететініне сенемін. Бірақ бұл жерде сайлаушылар таңдауы бәрінен маңызды. Әрбір сайлаушының дауысы маған артылған сенім деп білемін. Алдағы саяси науқанда маған дауыс берсеңіздер айдыны кең, аскары биік ауданның алдағы уақытта да беделін арттырмасам, биігін төмендетпеуге жұмыс жасаймын.

Құрметті сайлаушылар!

Мен үшін халықтың талап-тілегі, елдің мәселесі бәрінен маңызды. Алдағы саяси науқанда кандидат болудағы басты мақсатым да – сол халықтың талап-тілегіне құлақ түріп, елдің мәселесін шешу. Осы өңірде туып-өскендіктен ауылдағы ағайынның тыныс-тіршілігі маған таңсық емес. Сайлауалды бағдарламамда да нақты мәселелерді қамтығаным сондықтан.

Құрметті жерлестер!

Президент Қасым Жомарт Тоқаев айтқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру әрбір сайлаушының өз қолында. Егер



алдағы саяси науқанда маған дауыс берсеңіздер елдің талап-тілегін мінбердегілерге жеткізіп, оның шешімін табуына ықпал етемін. Ол үшін тағы да сіздердің қолдауларыңыз қажет болатыны айтпаса да белгілі. Халық мені қолдаса, мен елдің ертеңіне жұмыс жасауға қашанда әзірімін.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№2 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат **Досымов Қайрат Алмасұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**

Өмірбаяны

Досымов Қайрат Алмасұлы 1983 жылы Жалағаш кентінде дүниеге келген.

Қорқыт ата университетін және Қ.Яссауи атындағы қазақ-түрік халықаралық университеттерінде жоғары білім алды.

Түрлі салаларда жұмыс жасап, қазіргі таңда аудан орталығында кәсіпкер. Кәсіпкер ретінде 50-ге тарта азаматы тұрақты жұмыспен қамтуда. Отбасылы, 3 ұл, 3 қыз тәрбиелеп отыр.

2021 жылы өткен депутаттар сайлауында Жалағаш аудандық мәслихаттағы VII шақырылым депутаты болды. Қысқа да болса сол уақыт аралығында тұрғындардың әл-ауқатын арттыру мақсатында көптеген жұмыстардың атқарылуына атсалысты. Жалағаш ауданын республика дәрежесінде танымал ету мақсатында елімізге белгілі эстрада жұлдыздарымен Жалағаш ауданы туралы арнайы бейнебаян түсірілуіне қаржылай демеушілік жасады. Жыл сайын тұрақты түрде тұрмысы төмен отбасынан шыққан 20 баланы жазғы лагерьге тынығуға және оқу құралдарымен қамтамасыз етіп келеді. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсету жұмыстары күн тәртібінен түскен емес. Өзіне бекітілген Бұқарбай Батыр ауыл тұрғындарының өтініші негізінде сымсыз интернетпен қамтамасыз ету мақсатында тиісті құрал-жабдықтарына демеушілік көрсетті. Арал ауданына, табиғи апатқа ұшыраған Қостанай облысына, жылысыз қалған Екібастұз қаласына қажетті көмек жолдарын ұйымдастырып, өз азаматтық ұстанымын білдірді.

Ендігі кезекте алға қойған жоспарларымды жүзеге асыру мақсатында саяси доғарға түсіп отырмын. Сіздердің сенімдеріңізді иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізем, Жалағаш өңірінде, оның ішінде Дәуімбай елді мекенінде келесі мәселелердің оң шешімін табуға жұмыс жасайтын боламын.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Жаңа Қазақстанның азаматы ретінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында халықтың мүддесін бәрінен жоғары қоямын. Өз жеке қаражатымнан ауданға жаңа мектеп салуды жоспарлап отырмын. Жаңа мектеп білікті ұстаздармен және заманауи техникалармен жабдықталған ғимарат болады. Ол оқу орнында бірінші кезекте тұрмысы төмен отбасылардың балалары тегін білім алады.

2. Өздеріңізге белгілі Дәуімбай елді мекенінде мешіт құрылысы жүріп жатыр. Киелі ғимараттың 2023 жылы құрылыс жұмысын толық аяқтап, халық игілігі үшін пайдалануға беретін боламын.

3. Маған аудан көлеміндегі кезек күттірмейтін күрделі мәселелер жақсы таныс. Тұрғындардың сапалы өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында жолдардың сапасын жақсартамын. Дәуімбай елді мекенінде көптеген жолдардың сапасы сын көтермей тұрғанын білемін. Сол үшін төмендегі көшелердің кезек-кезеңімен жөндеуіне атсалысамын.

2023 жылы Мысық би, І.Нүрқенов, Панфилов, А.Бектібаев көшелеріне жөндеу жұмыстары, сонмен қатар ПМК-09 көшесіне тас төсеу жұмыстары жүргізілетін болады.

2024 жылы Т.Әбжалиев, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы,

3.Ижанов, А.Қазыбеков көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

2025 жылы А.Байсопақов, С.Сейфуллин, М.Мәметова көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

2024-2025 жылдары – Ә.Нұрғалиев, Қ.Сәтпаев, Е.Құрманбаев көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал жасайтын боламын.

4.Жалағаш кенті мен Дәуімбай елді мекен аралығында салынатын теміржол төсемі арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы сапалы және уақытында халыққа пайдалануға беруге ықпал жасайтын боламын.

5.Жеңістің 50 жылдығы көшесі бойына жаяу жүргіншілер жолын салуға ықпал етемін.

6.Демеушілік есебінің, яғни жеке кәсіпкерлерді ұйымдастыра отыра елді мекенге балалар ойын алаңын салуға;

7.Ауданда кәсіпкерлік саласының дамуына қолайлы орта жасауда өмірлік тәжірибемнен бөлісуге дайынмын. Аталған сала бойынша өңір тұрғындарының мемлекеттік қолдауды тиімді пайдалануына ықпал жасаймын. Әсіресе жастардың кәсіпке бетбұруына аса көңіл бөлемін.

8.Елді мекеннің ішкі көшелеріне кезек-кезеңімен жарықтандыру жұмыстарын қолға алып, тиісті орындарға жеткізетін боламын.

Құрметті ағайын!

Дәуімбай елді мекенінің тұрғындары бірлік пен татулықтың туын биік ұстап, ауданымызда тек жақсы қырныан ғана көрініп келеді. Күнделікті өмірде жоғарыда аталған мәселелерден басқа да проблемалар туындайтыны сөзсіз. Сондықтан барлығымыз бірге жү-



мылып, бұл мәселелердің оңай шешімін таба аламыз! Сіздер мені қолдап дауыс берер болсаңыздар, мен де сіздердің сенімдеріңізден шығамын деп ойлаймын. Ауданымыздың әлеуметтік жағынан дамуы жолындағы жұмыстарым өз жалғасын таба беретініне сенім білдіремін.

Басты міндетім – сайлаушылардың сенімін ақтап, адал қызмет ету және халыққа пайдамды тигізу.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Құрметті жерлестер, құрметті сайлаушылар!

№2 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат **Мубарак Мақсат Сұлтанмұратұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы**

Өмірбаяны

Мубарак Мақсат Сұлтанмұратұлы 1985 жылы 30 тамызда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кентінде дүниеге келген.

Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

1991 жылы Қаратал ауданының Үштөбе қаласындағы №52 орта мектепке бірінші сыныпқа барып, 1996 жылы Қызылорда облысы Жалағаш кентіндегі №31 орта мектепті 2001 жылы аяқтаған.

2001 жылы Қызылорда қаласындағы Қазақ гуманитарлық заң университетіне түсіп, 2001-2007 жылы заң тану мамандығы бойынша бітірді.

2007-2011 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін экономист мамандығы бойынша тәмамдады.

Отбасылы, 2 бала тәрбиелеп отыр.

Еңбек жолы:

2005-2008 жылдары «КазАгроМаркетинг» АҚ-ның менеджері;

2008 жылы «Еңбек ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде жетекші маман;

2008-2010 жылдары Қызылорда қаласының Әділет басқармасының азаматтарды құжаттандыру және тіркеу бөлімінде жетекші маман;

2011-2012 жылдары «Жалағаш ауданы әкімінің аппараты» басшысының көмекшісі;

2012-2013 жылдары Жалағаш аудандық кәсіпкерлік бөлімінде бас маман;

2014-2016 жылдары Қызылорда облысының Жалағаш ауданындағы Кәсіпкерлер Палатасының филиал директоры;

2016-2018 жылдары Жалағаш ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің әдіскері болып еңбек етті.

2018 жылдан осы күнге дейін Жалағаш аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі әдіскер болып қызмет атқарады.

Құрметті аудан тұрғындары!

Осы жылдың 19 наурызында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және барлық деңгейдегі Мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Осы орайда мен Жалағаш кентіндегі №2 сайлау округінен мәслихат депутаттығына үміткер ретінде бақ сынамаққа бел будым. Халқымыз бұл саяси науқаннан Жаңа, Әділетті Қазақстанның бейнесін көргісі келетіні анық. Жаңашылдыққа бастаған саяси науқанда түбегейлі өзгерістер қажет деп санаймын.

Тәуелсіз еліміздің ұлттық мүддесін қорғау – әрбір азаматтың міндеті. Сол үшін бұл саяси науқанда өзіме артылған сенім мен жауапкершілік үдесінен шығу үшін елге қызмет қылуға ниеттімін.

Бұл жолда ел мүддесін қорғап, Сыр өңірінің дамуы мен әлеуетінің артуы жолында маған артылған сенімге селкеу түсірмей жұмыс істеуге дайынмын.

№2 сайлау округіне қарасты Жалағаш – халық көп шоғырланған, өсіп-өркендеу жолындағы бірден-бір кент. Инфрақұрылымы дамып, әлеуеті артып келе жатқан бұл аумақтың түйткілді мәселелері де баршылық. Алдағы 1 ай көлемінде кент тұрғындарымен кездесу ұйымдастырып, жұртшылықтың мәселелерін, халықтың мұң-мұқтажын назарға алатын боламыз. Осы ретте сіздерге нақты сайлауалды бағдарламамды ұсынып отырмын.

Сайлауалды бағдарламасы

1.Еліміздің өркениетке қадам басып, экономикасының дамуында сыбайлас жемқорлықтың көдергі жасайтыны белгілі. Сондықтан бұл індетпен күресуде атқарылар

жұмыстардың барысына белсене араласып, жемқорлықсыз орта құруға атсалысамын.

2.Ауданымызда, оған қоса ауданға қарасты елді мекендерде тұрақты жұмыс орындарын құруға, жергілікті өнімдерді шығаруға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға жұмыс жасаймын.

3.Көпбалалы аналарға, аз қамтылған отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетуге ықпал жасаймын.

4.Кенттің, оның ішінде арғы беттің инфрақұрылым мәселелерін ескеріп, жергілікті атқарушы биліктің назарын аударамын.

5.Тозығы жеткен электр бағаналарын ауыстыруға, сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге ықпал етемін.

6.Мектептерді қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге, интернет желісінің тұрақты жұмыс жасауына аса мән беріп, мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарына қолдау көрсетемін.

7.Емдеу саласындағы мәселелерді, яғни маман жетіспеу жағдайлары бойынша жұмыс жасап, жастарды ауылға тартуға күш-жігерімді саламын.

8.Ауданда спорт алаңдарын көптеп салу, олардың жай-күйін күтіп ұстау мәселелеріне қолдау көрсетемін.

9.Кәсіпкерлердің қатарын арттыру аясында ауданда қолайлы орта құру бойынша жұмыстарға қолдау көрсетемін. Кәсіп ашамын деген азаматтарға мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулардың ұтымды жүзеге асуына ықпал жасаймын.

10.Сонғы уақытта ауданымыз үшін мәселе болған қоғамдық көлік, такси қызметін бір жүйеге келтіруге жұмыс жасаймын. Ол үшін нақты жоспарым да бар.

11.Өңір тұрғындары қашанда өздерін қауіпсіз сезінуі тиіс. Бұған қол жеткізу үшін бейнебақылау құрылғыларын орнату, қоғамдық көмекшілер санын арттыру, патрульді көлік сатып алу, тұрғын үйі бар учаскелік



полиция пунктерін салу, шалғай ауылдарда өртеке қарсы бекеттер орнату, шалғай ауылдарды патрульдік көліктермен қамтамасыз ету жұмыстарына атсалысамын.

Құрметті сайлаушылар!

Алда өңіріміз, жаппы мемлекетіміз үшін аса жауапты саяси науқан. Бұл шара ел болашағын айқындауда рөлі өте маңызды. Мәслихат мінберінде білімді, қолынан іс келетін азаматтардың болуы тиіс. Осы жағдайларды ескере отырып, сіздердің қолдауларыңызбен аудан үшін білек сыбанып, қызмет ету менің парымыз деп білемін. Сондықтан да барша сайлаушыларды саяси маңызды шараға белсене атсалысуға, түбегейлі өзгерісті бірге жасауға шақырамын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№2 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Бакберген Нуржан Кожабаявтың өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Бакберген Нуржан Кожабаяв Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш қыстағында 1969 жылы 27 сәуірде дүниеге келген.

1976 жылы Жалағаш ауданы Ақсу ауылындағы №116 орта мектептің 1 сыныбына қабылданып, 1986 жылы тәмамдаған.

1987 жылы Жалағаш аудандық СПТУ-15 училищесінде 5 айлық курс оқып, «Механизатор-тракторист» мамандығы бойынша диплом алды.

1987-1989 жылдары Совет армиясы қатарында азаматтық борышын өтеген.

Еңбек жолын 1989-1991 жылдары Ақсу ауылында механизатор болып бастаған.

1991 жылы Қызылорда педагогикалық институтының «Жаратылыстану» факультетіне оқуға түсіп, Қорқыт ата атындағы гуманитарлық университетін 1996 жылы «Географ-эколог» мамандығымен тәмамдады.

1996 жылы өзі білім алған қасиетті қара шаңырақтың география пәні мұғалімі болып жұмысқа қабылданады.

1998 жылдан бастап алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі болып тағайындалады. Оқушыларды АЭД пәні бойынша дайындауда жаңа тың жолдар іздегірліп жұмыс жасайды. Нәтижесінде АЭД кабинетін қайта заман талабына сай безендіріліп, қажетті құралдармен толықтырылды. Шәкірттері аудан, облыс көлеміндегі түрлі саптық байқауларда 1, 2 орындарды иеленіп, ұстаз мерейі артқан.

2006 жылдың 6 қаңтарынан бастап №116 орта мектептің директоры қызметін атқарды.

2009 жылы 12 шәкірті мемлекеттік білім грантын жеңіп алса, 2010 жылы 8 мектеп бітіруші түлек ҰБТ қорытындысы бойынша білім грантын еншіледі.

Нуржан Кожабаяулы – білікті басшы, ұстаз ғана емес, отбасында үлгілі әке, сүйікті жар, ағайын-туыс арасында беделді, абыройлы азамат.

Ол 2022 жылдың тамыз айынан бастап «Ақтөрек сауықтыру лагері» КММ директоры қызметін атқарып келеді.

Сайлауалды бағдарламасы

Құрметті жерлестер!

Жарқын болашаққа нақты қадам жасайтын уақыт келді. Бұл бағытта алға қойған мақсат-міндеттерім де жоқ емес. Кез келген адам туған жерінің түлеуіне, екінші тынысын ашуға жұмыс жасағысы келеді. Менің де мақсатым сол алдағы саяси жауапқа бақ сынағалы отырғаным да сондықтан. Әлбетте ол үшін алдымен сіздердің қолдауларыңыз ерекше маңызға ие.

Бірінші кезекте осы өңірдің азаматы ретінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында қажырлы еңбек етіп, халықтың мүддесін бәрінен жоғары қоямын. Себебі Президентіміздің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы сөз күйінде қалмауы керек.

Дәуімбай елді мекенінде соңғы жылдары біршама жұмыс атқарылды. Әлбетте оның барлығы елдің сапалы өмір сүруіне айтарлықтай сеп болды. Алайда бұл Дәуімбайда ешқандай мәселе жоқ дегенді білдірмейді. Сондықтан алдағы уақытта қалған мәселелердің шешімін табуына қарым-қабілетімді, күш-жігерімді жұмсаймын.

Тұрғындардың сапалы өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында біршама жобаны қолға алмақпын. Әсіресе жол сапасына қатысты күрмеулі мәселелер күн тәртібімізге түспейді. Себебі Дәуімбай елді мекенінде көптеген жолдардың сапасы сын көтермей тұрғанын

жақсы білемін.

Биыл Мысық би, І.Нүркенов, Панфилов, А.Бектібаев көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ететін АЛ ПМК-09 жөнесіне тас төсеу жұмыстары да назарымда болады.

Келер жылы Т.Әбжалиев, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы, З.Ижанов, А.Қазыбеков көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ететін АЛ 2025 жылы А.Байсәлімов, С.Сейфуллин, М.Мәметова көшелеріне жөндеу жұмыстарын қадағалаймын.

2024-2025 жылдары Ә.Нұрғалиев, Қ.Сәтпаев, Е.Құрманбаев көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ететін.

Жалағаш кенті мен Дәуімбай елді мекені аралығында салынатын теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы да назарымда болады. Бұл елдің біраздан бергі шешілмей келе жатқан мәселесі болатын. Сондықтан оның құрылыс сапасын ерекше қадағалаймын.

Қазір Жеңістің 50 жылдығы көшесі бойына жаяу жүргіншілер жолының жоқтығы жолдаушыларға қиындық тудыруда. Сондықтан алдағы уақытта осы мәселені де мінбердегілерге жеткіземін.

Дәуімбайда балалар ойын алаңын салуға ықпал ететін Бұл жұмыстарға жергілікті кәсіпкерлер мен шаруашылық иелерін жұмылдырамын. Ал ішкі көшелерге кезек-кезеңімен жарықтандыру жұмыстарын жүргізілетін болады.

Құрметті сайлаушылар!

Өзім осы ауданның өзімдегі бағандықтан маған елдің тыныс-тіршілігі етене таныс. Елдің ішінде қандай мәселе бар, бәрі-бәрі маған таңсық емес. Күнделікті



көзбен көріп жүрген мәселелерді жай қарап өтуге тағы болмайды. Оның шешімі қайсы деген сауалдың жауабы мені толғандырады. Алдағы саяси науқан сол мәселелерді шешуіме берілген үлкен мүмкіндік деп білемін. Бірақ бұл ретте сіздердің қолдауларыңыз ағайын қажет. Сонда ғана олардың оң шешімін табуына бірге қол жеткіземіз. Сондықтан алдағы сайлауда баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№3 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Мендибаева Улмекен Абилтаевнаның өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Мендибаева Улмекен Абилтаевна 1964 жылы 6 қыркүйекте Қармақшы ауданында дүниеге келген.

1971-1981 жылдары №26 Шоқан Уәлиханов атындағы мектептің 10 сыныбын бітірген.

1981-1983 жылдары Қармақшы ауданындағы №183 мектепте лаборант болып қызмет атқарған.

1984-1991 жылдары Қармақшы ауданындағы Абай атындағы кітапханада қызмет атқарған.

1985-1987 жылдары Ақтөбе қаласындағы мәдени-ағарту училищесінің «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша оқыған.

1991-1995 жылдары Жалағаш аудандық кітапханасында кітапханашы, оқырмандар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған.

1995-2003 жылдары оқырмандар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған.

2003-2012 жылдары әдістеме-библиография бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған.

2003-2005 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Кітапхана және библиография» бөлімін бітірген.

2012 жылдың желтоқсан айынан бастап Жалағаш аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры қызметін атқарып келеді.

Еңбегі өлеңіп, бірнеше рет облыс, аудан басшыларының алғыс, құрметіне ие болды.

2019 жылы «Кітапхана ісінің шебері», 2020 жылы «Қазақстанның Құрметті кітапханашысы» Төс белгілерімен, 2022 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Д.Абаевтың «Құрмет» грамотасымен марапатталған.

Отбасылы, 1 қыз бала тәрбиелеп отыр, жолдасы өрт сөндіру бөлімінен зейнеткерлікке шыққан.

Сайлауалды бағдарламасы

Құрметті сайлаушылар!

Жалағаш ауданында өзім де ұзақ жылдардан бері қажырлы еңбек етіп келемін. Аудан халқы ауызбіршілігімен, ынтымағымен, қай істе де ымырамен жұмыс жасайтынымен ерекше. Қандай мәселенің шешіміне жұмыс жасайтын болса, аудан жұрты ауызбіршіліктен кенде болған емес. енді алдағы саяси науқанда тағы да белсенділікпен дауыс беріп, өз таңдауын жасайтын уақыт келіп тұр. Бұл сайлауда басым дауысқа ие болсам, алдағы уақытта аудандағы күрмеулі мәселелердің шешіміне жұмыс жасаймын.

Кез келген өңірдің өркендеуіне, халқының тұрмыс сапасының артуына бірінші кезекте сол өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына басымдық беру керек. Мен де алдағы уақытта Жалағаш ауданының экономикалық даму бағытында біршама жобаларды қолға аламын. Әлбетте бірінші кезекте оның жемісін жергілікті халық көріп тиіс.

Экономикада өсім қалыптасуы үшін алдымен кәсіпкерлік саласы қарқын алуы тиіс. Рас, шағын ғана ауданда үлкен кәсіпорындар көп емес. Десе де орта және шағын кәсіпкерлікті дамытуға ешқандай кедергі жоқ деп ойлаймын. Оның үстіне бұл салаға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау бар. Міне, осы қолдауға жергілікті халықтың қол жеткізуі үшін барлық жағдайды жасаймын. Кәсіп ашуға талаптанған азаматтардың пайыздық үстемәксісі төмен несие алуына, қайтарымысыз қаражатқа қол жеткізуіне ықпал ететін.

Энергетика саласы бойынша да ауданда мәселе жоқ емес. Сондықтан алдағы уақытта электр бағандары мен сымдарын жаңалауға ықпал ететін және оның сапасы ұдайы назарымда болады. Әсіресе мұндай мәселелер

ауылдық елді мекендерде көптеп кездеседі.

Жол сапасына қатысты аудандағы бірқатар мәселелер де шешімін табуы тиіс деп ойлаймын. Мәселен, аудан орталығындағы М.Байтөреев, А.Ізтелеуова, Т.Қыстаубаев, Шоңбай ақын, М.Шәменов көшелерінің сапасына қатысты бүгінде бірқатар мәселе бар. Міне, мұның бәрі алдағы уақытта кезек-кезеңімен шешімін табуы тиіс. Алдағы уақытта осы мәселелерді мінбердегілерге жеткізе отырып, жол құрылысының сапасын да назарда ұстаймын.

Халықтың тұрмыс сапасын арттыруды Мемлекет басшысы ұдайы назарға салып келеді. Ол үшін бірінші кезекте өңірлерде кәсіпкерлік саласында серпін қалыптасуы тиіс. Сондай-ақ бос жаңа жұмыс орындары құрылуы керек. Міне, алдағы уақытта осы мақсатқа жұмыс жасап, табысы аз және көпбалалы отбасыларды қолдаудың бағыттарына байланысты барлық жұмыстардың жүйелі орындалуын қадағалаймын.

Білім саласы дамымай бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру мүмкін емес. Аталған салаға мемлекеттің қолдауы да жоғары. Сол қолдауды жергілікті педагогтар мен оқушылардың да сезінуіне жағдай жасау керек. Бұл салада туындаған мәселелерді шешуге, білім берудің үздік әлемдік стандарттарына қол жеткізуіне, білім саласының өркендеуіне қолдау көрсетемін.

Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейіне 200 орындық қосымша ғимарат құрылысын салу жұмысына ықпал ету және сапалы, уақытында бітуіне жұмыс жасау қажет. Бір жағынан білім нысанының жылу жүйесін көгілдір отынға ауыстыру үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленуін қадағалаймын.

Өскеген ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне назар аударып, олардың спортпен, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау керек деп ойлаймын. Себебі олардың бос уақытын тиімді пайдалану



бөрінен маңызды. Бұл бағыттағы жұмыстар бір жағынан тәрбиеге қатысты қоғамның ақсаған тұстарын қалыпта келтіруге де оң әсерін тигізері сөзсіз.

Аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсетудің де маңызы зор. Соның ішінде олардың ыстық тамақпен және киім-кешекпен қамтамасыз етілуін, сауықтыру-демалыс лагерлерінде болуын қадағалау керек деп есептеймін.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№3 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Амандық Нұржан Раисұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Амандық Нұржан Раисұлы 1995 жылы тамыз айының 29 күні Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген.

2001-2013 жылдары Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектептен білім алған.

2013-2017 жылдары Қызылорда қаласындағы Болашақ университетінде білім алып, мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша бітірді.

01.11.2017-11.12.2017 жылдары Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығы жастар тәжірибесінен өткен.

11.12.2017-11.06.2018 жылдары Жалағаш ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы маманы.

25.09.2018-19.04.2019 жылдары «Қоғамдық келісім» КММ-ның Жалағаш ауданы бойынша сарапшысы, сол аралықта Жалағаш ауданы жастарының «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы қызметін қоса атқарды.

24.04.2019 жылдан бастап Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығының кеңесшісі болып қызмет атқарды.

01.06.2021 жылдан бастап Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығының директоры қызметін атқарып келеді.

Жалағаш ауданы жастарын республикалық деңгейдегі түрлі интеллектуалдық сайыстарға, жайдарман ойындарына қатысуына ықпал жасап, аудан абыройын асқартып келеді. Азаматтық бастамаларды қолдау мақсатындағы республикалық шағын гранттарға қатысып, жоба дайындау үшін аудан жастарына тәжірибесімен бөлісіп, грант жеңімпазы атануға өз үлесін қосуда.

Құрметті сайлаушылар!

Мен аудандық мәслихат депутаты болсам, аудандағы бірқатар өзекті мәселелердің шешімін табуына бар қарым-қабілетімді жұмсаймын. Өзімнің сайлауалды бағдарламамда көкейімде жүрген аудан тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға, өңір әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін нақты бастамалардың жүзеге асуына қызмет етуді өзімге міндет етіп қойдым. Ол үшін менің білімім де, қабілетім де жететініне сенімдімін. Нақты бағытым мен жүйелі хоспарым анық.

Сайлауалды бағдарламасы

Бірінші кезекте шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға күш саламын. Себебі ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына бұл сала тың серпін береді. Отандық өнімдер шығаратын аудан кәсіпкерлеріне қолдау көрсету керек деп есептеймін. Әсіресе аудан жастары арасында кәсіпкерлікті дамыту қажет. Ауданда қолдан келетін ісін кәсіпке айналдырып, нәпақамды тапсам деген жастардың қатары жеткілікті. Тек мемлекеттен берілетін қолдауды пайдалануда оларға дұрыс бағыт-бағдар көрсетсек болғаны. Сол себепті өзім де жастар арасында жүргендіктен, бұл мәселенің ұтымды шешілу жолдарын нақты білемін.

Сондай-ақ балалар мен жастардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастармен үнемі жұмыс жүргізу, ерекше қажеттіліктері бар жастарға кәсіптік бағдарлауда көмек көрсету, жұмыссыз және NEET санатындағы жастарға мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру үшін адресстік жұмыстар жүргізіп, жұмыссыз жастар санын азайту үшін жоспарлы жұмыстарды үйлестіру қажет.

Энергетика саласы бойынша да мәселе жоқ емес. Себебі ауданда электр бағандары мен сымдарының

ескіргені, олардың ауа райының қолайсыздығына төтеп бере алмайтыны айтпаса да белгілі. Сондықтан бұл мәселелерді кезек-кезеңімен шешу керек деп есептеймін.

Ауданда соңғы жылдары жол құрылысы қарқын алды. Десе де бұл жолға қатысты мәселе түбегейлі шешімін тапты дегенді білдірмейді. Себебі ауданда әлі де жөндеуді қажет ететін ішкі көшелер бар. Мәселен, М.Байтөреев, А.Ізтелеуова көшесінің бас жағы, Т.Қыстаубаев, Шоңбай ақын, М.Шәменов көшелері бүгінде жөндеуді қажет етеді. Бұған қатысты елдің мәселесі ертеңге қалмауы керек.

Білім саласындағы мәселелерді шешуге, білім берудің үздік әлемдік стандарттарына қол жеткізуге, білім сапасының өркендеуіне қолдау көрсетуге, жалпы жастардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалуы тиіс. Өскеген ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне де назар аударып, олардың спортпен, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасаймын.

Қазіргі таңда Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейіне 200 орындық қосымша ғимарат құрылысын салу жұмысына ықпал ету және сапалы, уақытында бітуіне жұмыс жасау қажет. Сонымен қатар дәл осы білім ошағының жылу жүйесін көгілдір отынға ауыстыру үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленуін қадағалаймын.

Аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсетудің, соның ішінде ыстық тамақпен және киім-кешекпен қамтамасыз етілуін, сауықтыру-демалыс лагерлерінде болуына қолдау көрсетемін.

Аудан бойынша күрделі жөндеуді қажет ететін медициналық нысандарды жөндеу жұмыстарының сапалы түрде жүргізілуіне ықпал ететін. Ауылдық елді мекендерге келсек, Мырзабай ахун және Есет батыр ауылының дәргерлік амбулатория құрылысының басталуына жұмыс жасаймын. Себебі ауыл халқына сапалы медициналық қызмет қай уақытта болсын қолжетімді болуы керек деп есептеймін.



Қадірменді сайлаушылар!

«Жас келсе, іске» демекші егер сіздердің басым дауыстарыңызға ие болсам, жаңа идеяларымды жүзеге асырып, жақсы жетістікке жетеміз деп ойлаймын және сенімдімін. Әрбір аудан тұрғынының ұсыныс-пікірі мен үшін маңызды. Мен үшін сайлаушылар сенімі бәрінен жоғары. Баршаңызды алдағы саяси науқанда маған дауыс беруге шақырамын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№3 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Мақсұтов Еркебұлан Мақсұтұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Мақсұтов Еркебұлан Мақсұтұлы 1985 жылы Сырдария ауданында дүниеге келген. 2021 жылдан бастап Жалағаш аудандық ауруханасының бас дәрігері қызметін атқарып келеді. 2003 жылы Оңтүстік Қазақстан медицина академиясын емдеу ісі мамандығы, 2010 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясы базасында «Терапевт» мамандығы бойынша интернатурадан өткен. Денсаулық сақтау саласында жүріп келген жерлерде жұмыс жасап, тәжірибе жинақтаған.

Сайлауалды бағдарламасы

Жалағаш ауданының халқы тек өзінің бірлігі мен ынтымағы арқылы оқ бойы алда. Осы ауданға қызмет ету, жаңа қырынан дамытуды басты мақсатым етіп отырмын. Менің негізгі мамандығым дәрігер болса да, өзге саланың да бағыт-бағдарын жақсы білемін деп айта аламын. Тек қана денсаулық сақтау саласы ғана емес, басқа салалардың да дамуына өз үлесімді қосқым келеді.

Ардақты ағайын! Құрметті сайлаушылар!

Сіздердің қолдауларыңызбен аудандық мәслихат депутаты атанып жатсам, Жалағаш ауданында мынадай бағыттарда өзекті мәселелердің оң шешімін табуға бар күш-жігерімді жұмаймын.

I. Жалағаш ауданының экономикалық даму бағыты

1. Орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту аясында ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына ықпал ету. Отандық өнімдер шығаратын аудан кәсіпкерлеріне қолдау көрсету;

2. Энергетика саласы бойынша ауданымызда электр бағандары мен сымдарының ескіргендігі, олардың ауа райының қолайсыздығына төтеп бере алмайтыны белгілі. Сондықтан кезек-кезеңмен ауыстырылып, жаңарту жұмыстарының атқарылуын назарға алып отыру;

3. «Сәрке батыр» сайлау округі бойынша көптен бері жөндеу жұмыстарын көрмеген көшелерді білемін. Ең алдымен биылдан бастап М.Байтереев, А.Ізтелуова көшесінің бас жағы, Т.Қыстаубаев, Шоңбай ақын, М.Шәменов көшелерінің жөндеуіне тікелей атсалысатын боламын.

II. Ауданымыздың әл-ауқатын арттыру бағыты

1. Аудандағы отбасылық-демографиялық ахуалдың қалыпты болуына, балалардың қауіпсіздігі мен қолғабын қорғау мәселесіне үнемі назар аудару;

2. Табиғи аз және көпбалалы отбасыларды қолдауда барлық жұмыстың жүйелі орындалуын қадағалау;

III. Сапалы білім бағыты

1. Білім саласындағы туындаған мәселелерді шешуге, білім берудің үздік елемдік стандарттарына қол жеткізуіне, білім саласының өркендеуіне қолдау көрсету;

2. Өскеләт ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне назар аударып, олардың спортпен, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау;

3. Аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсетудің, соның ішінде ыстық тамақпен және киім-кешекпен қамтамасыз етілуін, сауықтыру-демалыс лагерлерінде болуына қолдау көрсетіп, үнемі бақылауға алу;

4. Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейіне 200 орындық қосымша ғимарат құрылысын салу жұмысына ықпал ету және сапалы, уақытында бітуіне жұмыс жасау;

5. Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей ғима-

ратының жылу жүйесін көгілдір отынға ауыстыру үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленуін қадағалау;

IV. Денсаулық сақтау саласын дамыту бағыты

1. Жалағаш ауданы бойынша күрделі жөндеуді қажет ететін медициналық нысандарды жөндеу жұмыстарының сапалы түрде жүргізілуіне ықпал ету. Оның ішінде Мырзабай ахун және Есет батыр ауылының дәрігерлік амбулатория құрылысына ықпал ету;

2. Созылмалы және онкологиялық науқастарды амбулаториялық емдеудің тегін дәрі-дәрмектерімен қамтамасыз ету мәселесін үнемі бақылап отыру;

3. Халықтың денсаулығын сақтау, скринингтік зерттеулер жүргізуге бағытталған шаралардың жүргізілуін үнемі назарға ұстау;

4. Жалағаш кентінде емдеу мекемелерінің көріз жүйесінің құрылысына ықпал ету.

V. Спорт саласын дамыту бағыты

1. Жалағаш кентіндегі орталық стадионды қайта жаңғырту;

2. Балаларға арналған ойын алаңдарының және спорт алаңдарының болуына ықпал ету;

3. Құрылыс жұмыстары ұзақ кеткен дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысының аяқталуына ықпал етіп, пайдалануға беруге жұмыс жасайтын боламын.

Қадірменді сайлаушылар! Құрметті Жалағаш ауданының халқы!

Егер сіздер маған сенім артып дауыс берсеңіздер, жаңа идеяларымды жүзеге асырып, бірлесіп жақсы жетістікке жетеміз деп сенемін. Әрбір аудан тұрғынының ұсыныс-пікірін тыңдауға және сол ұсыныстың жүйелі



орындалуына жұмыс жасайтын боламын. Ел дамуына сүбелі үлес қосу – әрбіріміздің парызымыз. Сіз де ойыңыздағы мәселенізді айтыңыз. Біз оған қозғау салуға тырысамыз. Депутаттардың міндеті – әрдайым ел мүддесін қорғау. Егер депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, сайлауалды бағдарламаның іс жүзінде жүзеге асуына ықпал етемін. Қоғамдағы күрделі мәселелердің шешімін табуға және ауданымыздың үздіксіз дамуына аянбай қызмет етемін.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№4 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Кайранбаева Айжан Шитыбаевнаның өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Кайранбаева Айжан Шитыбаевна 1979 жылы 5 қаңтарда Қызылорда облысы Жалағаш ауданында көпбалалы отбасында дүниеге келген.

1996 жылы Жалағаш кентінде орналасқан №31 мектепті бітірген.

1996-2000 жылдары Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің «Филология» факультетінде оқыған.

2009 жылы Қызылорда гуманитарлық университетінің педагогика-психология мамандығы бойынша білімін толықтырған.

2000-2005 жылдары Жалағаш кентінде орналасқан №201 орта мектепте «Орыс тілі және әдебиеті пәні» мұғалімі ретінде еңбек етіліп бастады.

2006-2017 жылдары Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектепте педагог-психолог қызметін атқарды.

2017 жылдан бастап Қызылорда облысы білім бөлімі Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№19 санаторлық бөбекжай-бақшасы» КММ-ның басшысы болып қызмет атқарып келеді.

Айжан Шитыбаевна берілген тапсырмаларды мұқият, тиянақты, жауапкершілікпен орындап келеді, өзінің ізнен еріп келе жатқан жас мамандарға үлгілі тәлім-тәрбие көрсетуде. Жұмыс барысында іс-тәжірибесін жетілдіру үшін өртүрлі курстарға қатысып, өз білімін жетілдірді.

2017 жылы маусым айында Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау;

2018 жылы Біліктілік беру туралы «Сертификат» КБ №0965001 алды.

2020 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» БАҰО тақырыбы: Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқыту мазмұнын жаңарту аясында МДҰ педагогикалық менеджмент курсы оқыды.

2021 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Педагогикалық шеберлік орталығының Қызылорда қалалық филиалы мектепке дейінгі ұйым басшыларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 акедемиялық сағат көлеміндегі курс Сертификат ВВ №001191 алды.

Айжан Шитыбаевна қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, тынымсыз еңбегінің, жүйелі жұмысының нәтижесінде жетістіктерге жетті.

Жалағаш аудандық білім бөлімі мен кәсіподақ аудандық кеңесінің «Құрмет» грамотасы.

Облыстық психологиялық медициналық-педагогикалық консультациясының алғыс хаты.

Жалағаш ауданының әкімдігі «Үздік мектепке дейінгі білім беру ұйымы» номинациясы берілді.

«Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығының «Тәрбие басы – тал бесік» әдістемелік құрал 2018 жылы 5 желтоқсан балабақша педагогтары шығарған жинаққа мақала жарияланды.

«Білім-Нұр» Халықаралық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналға «Жаңа тұрпатты тәрбиеші ұғымы» тақырыбында материал жариялаған.

Жалағаш ауданының 80 жылдығына арналған мерейтойлық медалімен марапатталды.

Елордада өткізілген «Білім және ғылым» тамыз конференциясының қатысушысы.

ҚР Білім және ғылым министрлігінен «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

«Ел тілегі» Республикалық тәуелсіз ақпараттық қоғамдық-саяси басылымға «Балалардың бағбанына айналған» тақырыбында мақаласы жарияланды.

ҚР Білім және ғылым министрлігіне нормативтік құқықтық актілер жобаларын талқылау бойынша комиссия құрамында болған.

INTELLIGENCE.KZ Республикалық ақпараттық, ғылыми-педагогикалық журналына «Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері» тақырыбында мақаласы шықты.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Ауданда кәсіпкерлік нысандарын және өндіріс орындарын ашу бойынша жұмыстарға ықпал жасаймын.

2. Жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге жұмыс жасап, өңірде жұмыссыздар қатарын азайтуға жұмыс жасаймын.

3. Аз қамтылған отбасыларға, көпбалалы аналарға көмек көрсетуге аса мән беремін.

4. Жалағаш кентінде емдеу мекемелеріне жас медицина мамандарын тартуға ықпал жасаймын.

5. Балаларға арналған ойын алаңдарын салу және орталық стадионды қайта жаңғырту аясында жұмыстарға қолдау білдіремін.

6. Өзіме қарасты округ тұрғындарының жаз мезгілінде аяқсумен қамтамасыз етілуіне мән беремін.

7. Ауданда мәдени іс-шаралардың ұйымдастырылуына және аудан азаматтарының жетістіктерін насихаттау шараларының өткізілуіне қолдау жасаймын.

Есептілік пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру біздің ең негізгі қағидатымызға айналуы керек. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін халыққа көрсетіліп жатқан мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, жергілікті атқарушы органдарда «Ашық есік» күндерін ұйымдастырып, онда жергілікті тұрғындардың шешімін таппай жүрген мәселелері талқыланып, ортақ шешімдер қабылданатын алаңшаларға айналуы тиіс.



Құрметті сайлаушылар!

Маған сенім артылып, Жалағаш ауданының мәслихат депутаты болып сайлансам, көтеріп отырған бастамаларымды жергілікті атқарушы билік өкілдерінің алдына қоя отырып, олардың оң шешілуіне ықпал етуді, өзім туып-өскен Жалағаш ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосуды азаматтық парызым деп есептеймін.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№4 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Искакова Бакытқұл Жумабековнаның өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Искакова Бакытқұл Жумабековна 1965 жылы 14 сәуірде Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген.

1987 жылы Түркістан индустриалды педагогикалық техникумын бітірді.

2003 жылы Қоқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін тәмамдады.

Еңбек жолын 1987 жылы №115 орта мектепте еңбек пәнінен мұғалім болып бастаған.

Кейін №18 балабақшада музыка жетекшісі;

№18 балабақшада тәрбиеші;

Жалағаш аудандық білім бөлімінде әдіскер;

Жалағаш аудандық білім бөлімінде Психологиялық-медициналық-педагогикалық кабинет меңгерушісі;

Жалпы білім беретін кешкі мектептің меңгерушісі;

Жалағаш аудандық Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы мекемесінің меңгерушісі;

«Жауқазын» бөбекжай-бақшасы меңгерушісі болып қызмет атқарған.

Қазіргі таңда «Арай» бөбекжай-бақшасы меңгерушісі болып еңбек етеді.

Құрметті жерлестер!

19 наурызда өтетін барлық деңгейдегі мәслихат депутатын сайлау науқанына мәслихат мінберіне үміткер ретінде түсудемін. Білім саласында ұзақ жылғы тәжірибемді, өмірлік білімді аудандағы білім

саласының дамуына және басқа да мәселерді шешуге арнайтын боламын. Сол себепті сіздерге үгіт-насихат аясында өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынып отырмын.

Сайлауалды бағдарламасы

Сенім сіздерден, сол сенімді ақтау – менің парызым

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік саясатын іске асыруда қажырлы еңбек етемін.

Өңірде білім саласын дамытып, тұралап қалған мәселелерді шешуге дайынмын. «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында жаңа мектеп ғимаратын салу жұмыстарына ықпал жасаймын. Мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқушыларға, ата-аналарға психологиялық көмек беруге аса мән беремін. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі барысын қатаң қадағалаймын. Аз қамтылған, толық емес отбасылардың балаларына маусымдық киім-кешектерін табыстау жұмыстарын жүзеге асыруға ықпал жасаймын. Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді өткізу үшін үйірмелер санын арттыру және жұмысын бір жүйеге қоямын.

Жастардың өзін-өзі дамыту, өнер және спортпен айналысуына жағдай туғызуға қолдау көрсетемін. Дарынды жастардың жарыстарға баруына демеушілік жасайтын кәсіпкерлер тарту жұмыстарына мән беремін.

Кәсіпкерлік – ел экономикасының драйвері демекші, ауданда кәсіпкерлік субъектілерінің қатарын арттыруға ықпал жасаймын. Әсіресе аталған салаға жастардың көптеп келуіне аса мән беремін.

Мемлекеттен берілетін атаулы көмектердің дұрыс аударылуын қатаң қадағалаймын.

Зейнетке шыққан аға-апаларымызды қоғамдық өмірге белсене араласуына ықпал жасаймын. Яғни ауданда концерттік, танымдық іс-шаралардың ұйымдастырылуына қолдау көрсетемін.

Қауіпсіз орта тұрғындарымыз бойынша жұмыс жасаймын. Тұрғындардың рухани сауаттылығын арттыруға қолдау көрсетемін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға жұмыс жасаймын.

Жалағаш кентінде емдеу мекемелеріне жас медицина мамандарының келуіне қолайлы жағдай тудырамын.

Балаларға арналған ойын алаңдарын салу және күтіп ұстау жұмыстарына қатаң бақылау болады.

Өзіме қарасты округ тұрғындарының әлеуметтік жағдайына ай сайын талдау жүргізіп, жеке кездесемін.

Аталған мәселелер бойынша тікелей жергілікті атқару органдарына сұрау салу арқылы шешімін табуға барынша аянбай еңбек етемін.

Құрметті сайлаушылар!

Маған артқан сенімді абыроймен атқаруға, халық аманатын бұлжытпай орындауға уәде беремін. Сіздердің қолдауларыңызбен мәслихат мінберіне барып жатсам, сайлауалды бағдарламамда көр-



сетілген бағыттарды орындауға барынша аянбай, білек сыбана кіресемін. Сондықтан 19 наурызда өтетін мемлекетіміз үшін өте маңызды саяси науқанда әрқайсысыңыз белсене атсалысады деп ойлаймын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№4 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Боранбаев Ерлан Өміртайұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Боранбаев Ерлан Өміртайұлы 1985 жылы 29 сәуірде Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген. Өңірдегі М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары колледжі және Болашақ университетін тәмамдаған. Отан алдындағы борышын өтеп, білім саласы бойынша жұмыс жасап, тәжірибе жинаған. Қазіргі таңда Бұқарбай батыр ауылындағы білім ордасы №33 орта мектеп директоры қызметін атқарады.

Сайлауалды бағдарламасы

Нақтылық – бүгінгі сөзден іске көшкен дәуірдің басты ұраны. Халыққа ерқашан жақын болып, елдің ортасынан табыла білсек қана біздің шешілмеген мәселеліміз қалмайды.

Менің өмірлік ұстанымым – айтылған сөз, берілген уәде, тындырылды іс. Халық – Құдайдың бір аты. Депутат болу мәртебе емес, депутат бола тұра елдің алдында берілген уәдені орындау абырой. Сондықтан айтылған сөзім, берілген уәде нақты істермен дәлелденеді.

Сайлаушылардың сенімін ақтаудан артық абырой жоқ. Менің бйылғы саяси додаға қатысқандағы басты мақсатым – ауданның болашағын жақсы мақсатын айқын ете отырып, заманауи өңір болып өсуі мен дамуы үшін өз үлесімді қосу. Олай болса, мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, Жалағаш ауданындағы мынадай өзекті мәселелердің оң шешімін табуына тер төгер едім.

ЭКОНОМИКАНЫ ІЛГЕРІЛЕТУ

Ауданның табиғи және инфрақұрылымдық ерекшеліктеріне сай өндіріс орындарын ашуға ықпал ету.

Шағын және орта бизнесті дамыту, жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге жұмыс жасап, жергілікті бюджетке қосымша кіріс көздерін ашуды ұйымдастыруға;

Жұмыссыздық деңгейін түсіруде, оның ішінде жаңа жұмыс орындарын ашу бойынша тиісті орындарға жеткізу және орындауына ықпал ететін боламын.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ

Аудандағы кәсіпкерлерді ұйымдастыра отырып, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға тиісінше көмек көрсетуге;

Жалағаш кентінде емдеу мекемелеріне (100 орындық орталық аурухана, 20 орындық жұқпалы аурулар ауруханасы, ауысыма 250 келушіге арналған емхана) жүйесі құрылысының мәселесін шешуге; «Дені саулық – жаны сау» салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында балаларға арналған ойын алаңдарын салуға және орталық стадионды қайта жаңғырту;

Дене шынықтыру, спорт, мәдени мұра мен шығармашылық жұмыстардың белсенділігін насихаттау бағытындағы жұмыстарды жандандыруға атсалысатын боламын.

ЕЛДІ МЕКЕН АЖАРЫ – АЗАМАТ АБЫРОЙЫ

Өзіме қарасты округ тұрғындарының аяқ сумен қамтамасыз етілуіне, көше бойындағы талдарды бірлеуге жұмыстар жасалатын болады.

Тұрғындардың сапалы өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында сапасы сын көтермейтін көшелер жөндеуі қажет. Ең алдымен М.Шәменов көшесінің биыл күрделі жөндеуден өтуіне ықпал ететін боламын.

Ауданда ауа райының қолайсыздығы уақытында жарықтар болмай, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне кедергі болып жатады. Осы мәселенің алдын алу мақсатында жарық шамдардың, электр бағаналарының, қосалқы станциялардың кезең-кезеңімен жаңартылуы бойынша тиісілі орындарға жеткізіп, оңтайлы шешім табуына күш-жігерімді саламын.

РУХАНИЯТ – АДАМ ЖАНЫНЫҢ АЗЫҒЫ

Ауданымыздың өсіп-өркендеуі жолында тер төккен қайраткерлеріміз жеткілікті. Осы азаматтарымызды насихаттау жолындағы жұмыстарды жандандыруымыз қажет. Ол түрлі мәдени іс-шаралардың ұйымдастырылуына және ескелең ұрпаққа насихаттау шараларының өткізілуіне;

Ұмыт болған ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрлерімізді жаңғырту мақсатында танымдық шаралардың өтуіне;

Жастарды ата кәсіпке баулып, елке тарихын білуге үндейтін жұмыстарды жүйелендіруге атсалысатын боламын.

Құрметті сайлаушылар! Құрметті ағайын!

«Қазақта төртеу түгел болса, төбедегі келер» деген жақсы сөз бар. Тұлпардың төрт тағанындай сайлауалды бағдарламамды да негізгі төрт бағыт бойынша айқындап отырмын. Жалағаш ауданының келешегін қымбат көретін барлық сайлаушыларды менімен бірге болуға шақырамын. Сіздердің азаматтық



көзқарастарыңыз аса қажет және ой-пікірлеріңіз өте маңызды! Біз тек бірлік пен татулықтың арқасында бар қиындық еңсеретініміз хақ! Дұрыс таңдау жасау сіздердің еріктеріңізде, уәдені орындау – менің азаматтық парызым. Сіздер мені қолдап дауыс берер болсаңыздар, мен де сіздердің сенімдеріңізден шығамын деп ойлаймын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№5 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Жақсыбаев Ерлан Еркінұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Жақсыбаев Ерлан Еркінұлы 1992 жылы 9 мамыр күні Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1999-2008 жылдары Т.Жүргенов атындағы №123 дарынды балалар мектебінде білім алған.

2008-2011 жылдары «Қазақ гуманитарлық техникалық заң колледжі» мамандығы бойынша оқуды үздік тәмамдаған.

2011-2015 жылдары Ақмешіт гуманитарлық техникалық институтында «Қаржы және есеп» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

2011-2012 жылдары аралығында Шекара қызметі №2086 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеген.

2013 жылдың 17 сәуірінен бастап Қызылорда қалалық зейнетақы, жәрдемақы төлеу орталығында инспектор лауазымында еңбек жолын бастаған.

2014 жылдан бастап Жалағаш аудандық зейнетақы, жәрдемақы төлеу орталығында инспектор лауазымында қызмет атқарған.

2015 жылдың маусым айынан 2022 жылдың 19 мамырына дейін қайта құрылған «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жалағаш аудандық бөлімінің маманы.

2022 жылдың 20 мамырынан бүгінгі күнге дейін Жалағаш аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және хал ақтілерін тіркеу бөлімінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары болып жұмыс жасайды.

Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Құрметті сайлаушылар! Құрметті жерлестер!

Алдағы сайлауға да 20 күнге жуық уақыт қалды. Бұл саяси науқанның ел болашағы үшін маңызы зор. Себебі халық мемлекеттің жарқын болашағына, жалпы қазақстандықтардың тұрмыс сапасының артуына, олардың жайлы қоғамда өмір сүруіне қолайлы жағдай жасайды деп сенім артқан үміткерін таңдап, дауыс береді. Әлбетте түсінген адамға ербір сайлаушының берген дауысы – артылған сенім. «Осындай жауапкершілік жүгін арқалап, елдің сенімінен шыға аламын ба?» деген сауал кім-кімді болсын толғандырады сөзсіз. Мен де бұл ретте жауапкершілік жүгін асыр болатынын жақсы білемін. Сайлауалды бағдарламамда өңірдегі өзекті мәселелерді қамтығаным да сондықтан. Әрине бұл жолда еңбек етуге өзімнің қарым-қабілетім, жиган тәжірибем, күш-қайратым жететініне сенемін. Ендігі жерде халықтың сенімі ерекше маңызға ие болғалы тұр. Сондықтан алдағы саяси науқанда баршаның да маған дауыс беруге шақырамын. Жұмыс барысында жақсы мен жаманды айырып, халықтың әлеуметтік жағдайын, олардың осы өмірге деген көзқарасын біліп, мыңдаған халықпен тікелей жұмыс жасап келемін.

Осы орайда Жалағаш аудандық мәслихат депутаты болуға бел будым. Мәслихат депутаты – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат. Сондықтан алдағы уақытта елдің ертеңіне жауапкершілікпен, табандылықпен еңбек етуге дайынмын.

Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім, жауапкершілікті сезіну кім-кімге де сын болатынын білемін.

Мен кент тұрғындарының сенімін иемденіп, аудандық мәслихат депутаты болып сайлансам, аудан халқының

өзекті мәселелерінің оң шешімін табуына ықпал ететін боламын.

Тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға және оларды жұмыспен қамту үшін тиісті шараларды қамтамасыз ету мақсатында Халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы жүзеге асатын «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту» жөніндегі ұлттық жоба аясында жұмыссыз адамдарды жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен, яғни қоғамдық жұмыстар, әлеуметтік жұмыс орындары, алғашқы жұмыс орны, жастар практикасы, ұрпақтар келісім-шарты, күміс жас жобаларымен жұмыспен қамтуға, жаңа бизнес идеяларға арналған гранттарды алуға жәрдемдесуге ықпал етемін. Себебі әлеуметтің әлеуеті артпай, біз қай салада болсын жасаған еңбегіміздің жемісін көре алмаймыз.

Жалағаш кентіндегі ең күрделі мәселенің бірі – автомобиль жолдары, көшелердің жарығы. Жасыратыны жоқ, жасалған жолдардың сапасы сын көтермейді. 2025 жылға дейін елімізде 96 мың шақырым жол салынып, күрделі жөндеуден өтеді деп күтілуде. Оның ішінде 71 мың шақырым жол жергілікті жерлерге тиесілі. Осы бағдарлама аясында аудан орталығының жолдарын күрделі жөндеуден өткізуге және көшелерді жарықтандыруға ықпал етемін.

Халықтың әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстап, аз қамтылған, көпбалалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмай, қамқорлық көрсетуге;

Округтегі кәсіпкерлер, шаруа қожалықтармен тығыз байланыста болып, мәдени, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуларын ұйымдастыруға;

Аудан халқына жоғары білім беруге, сапалы медициналық көмек көрсетуді басты назарда ұстауға; Ауданның санитарлық тазалығын үнемі бақылауда



ұстап, көгалдандыру мен абаттандыруға жұмыс жасау менің сайлауалды бағдарламамның басты шарттары болып табылады.

Маған дауыс берген сайлаушылардың сенімін ақтау үшін бар ынтымақпен жұмыс жасайтын боламын.

Елдің мәселесі ертеңге қалмасын десек, жарқын болашақты бірге құрайық. Ол үшін алдағы саяси науқанда белсенділік танытып, маған дауыс беруге шақырамын. Қай уақытта болсын халық сенімін, талап-тілегін бірінші орынға қойып, мәселесін шешуді күн тәртібінен түсіреміз.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№5 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Дүзелбаева Салтанат Берикбаевнаның өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Дүзелбаева Салтанат Берикбаевна 1969 жылы 21 қаңтарда Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген.

1975-1985 жылдары аралығында Жалағаш кентінде орналасқан №31 орта мектепте білім алды.

1991-1996 жылдары аралығында Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да «Бастауыш сынып мұғалімі және мектепке дейінгі мекеме әдіскері» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Отбасылы, жолдасы – Жүрсінов Бақтыбай Бақтырұлы, жұмыссыз. 3 ұл тәрбиелеп отыр.

Педагогикалық еңбек өтілі – 35 жыл. Білімі жоғары. Санаты – I (2011ж), сарапшы педагог (2021ж), басшы-менеджер (2022ж).

Еңбек жолын 1988 жылы ГМК-17 мекемесіне қарасты балабақша тәрбиешісі болып бастаған.

1996-2001 жылдары аралығында №19 балабақша тәрбиешісі.

2001-2005 жылдары аралығында №202 орта мектебіне бастауыш класс мұғалімі.

2005-2006 жылдары аралығында №19 санаториялық балабақша меңгерушісі.

2007-2011 жылдары мектеп директорының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары.

2011-2013 жылдары аралығында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

2013 жылы «Арай» балабақшасы» МКҚК меңгерушісі.

2022 жылы конкурстық негізде «Ақмаржан» бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісі болып тағайындалып, қызмет атқаруда.

Ол меңгерушісі болған тұста, яғни 2022 жылы облыстық білім басқармасының басшысы М.Шермағанбет, облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы Г.Есқалиеваның «Үздік әлеуметтік әріптес» номинация-

сына «Ақмаржан» бөбекжай бақшасы» МКҚК ие болды. Дүзелбаева Салтанат Берикбаевна 2022 жылы Республикалық қоғамдық штаб жетекшісі Е.Қошановтың алғыс хатымен марапатталған.

2019 жылы ҚР Білім және ғылым министрі А.Аймағанбетовтың алғыс хатына ие болған.

Бұрынғы «Нұр Отан» партиясының Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасарының алғыс хатымен марапатталған.

Республикалық «SKILLS AKADEMY» директоры Б.З.Төлөгеннің алғыс хатына ие болған.

Жалағаш ауданы әкімінің алғыс хатымен марапатталған.

Сайлауалды бағдарламасы

Құрметті сайлаушылар! Құрметті жерлестер!

Алдағы саяси науқанға қатысуымның өзіндік себебі бар. Әркім өзінің туған жерінің түлеуіне еңбек еткісі келеді. Менің де мақсат-мүддем осы. Рас, ауданда соңғы жылдары айтарлықтай оң өзгерістер орын алып жатыр. Атқарылған жұмыстарды жоққа шығара алмаймыз. Десе де елі де шешімін таппаған күрмеулі мәселелер жоқ емес. Міне, сол мәселелердің шешіміне жұмыс жасау үшін алдағы сайлауда кандидат болып отырмын. Мен депутат болсам, елдің сөзін сөйлеп, ел ішіндегі нәдей мәселелерді шешуге жұмыс жасаймын? Осы орайда бірқатар мәселелерді сайлауалды бағдарламамда қамтыдым.

Кентте міндетті салық төлемдерінің мерзімінде жиналуын және оның түсімін ұлғайту жұмыстарын үнемі жетілдіріп отыру қажет деп есептеймін. Сондықтан осы мақсатта жұмыс жасап, өңір қазынасын еселеуге жұмыс жасаймын.

Тұрғындардың қолайлы өмір сүруіне жағдай жасау үшін инвестиция тарту қажет. Ауданға құйылған

инвестиция елді мекеннің екінші тынысын ашатыны айтпаса да белгілі. Сондықтан осы мақсаттың жүзеге асуына басымдық беремін.

2023 жылдан бастап жыл сайын кенттің ішкі көшелерін жөндеуден өткізу күн тәртібінен түспейді. Жол сапасына қатысты мәселелерді ұдайы мінбердегілердің назарына салып отырамын.

Жалағаш кентінде мемлекеттен бөлінетін қаражаттар арқылы және жеке кәсіпкерлерді тарта отырып, балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын салуға жұмыс жасаймын.

Мемлекеттік бағдарламалар арқылы кенттегі кәсіпкерлікті дамыту, оның ішінде шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына қолдау көрсету қажет деп есептеймін. Себебі бір жағынан салада серпін қалыптасса, келесі кезекте жұмыссыздық мәселесіне жол бермейміз.

Кент ішінің көркі мен сәулетін келтіру үшін тиімді жобаларды жүзеге асыру қажет. Сондықтан кент ішінде көркейту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын сапалы жүргізу қажет деп есептеймін. Бұл жұмыстар да менің ұдайы назарымда болады.

Кент тұрғындары арасында тазалықты сақтау мәдениетін арттыру керек.

2025 жылға дейін кенттегі электр желілерін қайта жаңғырту және көшелерді жарық шамдармен толық қамтамасыз етуге көңіл бөлемін.

Жалағаш кенті және Дәуімбай елді мекенінде аяқ су мәселесін ретке келтіру керек. Бұған қатысты мәселелерді де мінбердегілердің назарына саламын.

Жаңа жұмыс орындарын ашу және жастардың жұмысқа орналасуына жағдай жасау, кент тұрғындарының табысын арттыруға ден қоямын.

Халықтың бұқаралық спортпен айналысуына және жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасау қажет.



Кент тұрғындарының ұсыныс-пікірлерін ескере отырып, оларды жүзеге асыруда ұйымдастырамын.

Кенттегі қоғамдық-саяси ахуалды басты назарда ұстауға жұмыс жасаймын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Сараптама

Алаяқтарға алданып қалмаңыз

Ел ішінде қаржылық алаяқтардың қармауына түсіп, барлық жиған-тергенінен айырылып, сан соғып қалып жатқандар көп. Оған дәлел әлеуметтік желілерде алаяқтарға алданған азаматтардың жан-айқайына жиі көзіміз шалынатын болды. Тіпті жақын ағайын-туыстарымыздың, «Мен» деген сауатты азаматтардың да қаскөйлердің қақпанына түсіп қалғанын көзімізбен көріп жүрміз. «Байлықтың жолын көрсетеміз, тек ынтаңыз бен ниетіңіз болса жеткілікті. Хабарласыңыз!», «Ақша сал да еселеп қайтар», «Берешектен құтылуға көмектесеміз» деген іспетті жарнамаларды әр жерден көзі шалмаған адам кемде-кем шығар. Жарнама арқылы хабарласа қалсаңыз хал-жағдайыңызды біліп, қыруар ақша үде етіп, сізбен дос болуға әлек болады. Бәрінен бас тартсаңыз, екіншісі нәміріңізді алып, хабарласа кетеді. Әрине олардың жұмысы да сол адам шақыру арқылы пайдасын арттырады. Себебі бүгінде көбінесе адамдар тез әрі жеңіл жолмен табысты болып, бірден мол ақшаға кенелуді армандайды. Бірақ қайда, тегін ірімшік тек қақпанда екені белгілі емес пе? Десе де өткен жылы елді шұлатып, қаншама жанның көз жасына себеп болған «Гарант 24 ломбард», жақында ғана анықталған «Финико» секілді қаржылық ұйымында болған шу халықтың әлі де қаржылық алаяқтарға қарсы иммунитеті қалыптаспағанын анық көрсетті.

Қаржылық алаяқтық дегеніміз не?

Қаржылық алаяқтық дегеніміз – алдау, сенімге қиянат жасау және заңсыз баю мақсатында түрлі айла-амалдар арқылы ақша айналымы саласында заңсыз әрекеттер жасау. Қаржылық алаяқтықтың арасында кең тарағаны банк карталарын пайдалану арқылы алаяқтық, интернет желісіндегі алаяқтық, ұялы телефондарды пайдалану арқылы алаяқтық және қаржы пирамидаларымен жасалатын алаяқтық.

Соңғы уақытта кең өтек жайған алаяқтықтың бірі – үй немесе көлікке ақша жинауға көмектесеміз деген арамза пиғылмен адамдардың ақшасын иемдену әдісі. Әдетте мұндай қаржы ұйымдары жинақ бағдарламасына аздаған жарна енгізуді сұрайды. Бағдарлама аяқталған уақытта клиент мол табысқа кенелетініне үде береді. Мәселен, қатысушы бастапқыда 500 мың теңге салса, жарты жыл сайын 1,2 млн теңге сыйақы алады. Бұл ретте сыйақы мөлшеріне клиент шақырған адамдар саны мен олар салған ақша сомасы әсер етуі мүмкін. Осылайша белгілі бір қаржы жиналғанда алаяқ компания банкроттық жариялап, нарықтан ғайып болады.

«Адамнан құлық аспайды» демекші, әкі алаяқтар өзінің арам пиғылын іске асыру үшін көз келген ақпаратты ұтымды пайдалана біледі. Сондай-ақ БАҚ пен әлеуметтік желідегі жаңалықтардан үнемі хабардар болады. Елдегі қаржы саласындағы барлық өзгерістер мен мемлекеттік бағдарламалармен танысып, тиімді талдайды. Сондықтан қаржылық сауаты төмен азамат мұндай алаяқтардың оңай олжасына айналады.

Құзырлы органдар не дейді?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды құзырлы орындарға күшейтуді тапсырған болатын. Мәселенің өзектілігі аталған қылмыс түрлерін тіркеудің тұрақты есуне және жәбірленушілердің көптігіне байланысты екені сөзсіз. Әрине қаскүнемдерді түбегейлі жою әзірге мүмкін болмай тұр. Дегенмен әр адамның бойында қаржылық сауаттылық және қаржылық қауіпсіздік деген түсініктерге салмақты көзқарас қалыптастыру, өзінің қаржысына өзі ғана иелік ететін сенімділік беру, түрлі алаяқтыққа ұрынып қалу тәуекелін азайту секілді азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша іс-шаралар тиісті органдар тарапынан үздіксіз жүргізілуде.

Мәселен, Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаменті жастарды қаржылық алаяқтықтан сақтандыру мақсатында өткен жылдың қазан айынан бастап «Қаржылық сауаттылық және қаржылық қауіпсіздік негіздері» тақырыбында қала мектептері мен колледждерде семинар сабақтар өткізуді қолға алған. 2022 жылдың соңғы 3 айында 19 мектепте, 7 колледжде және университетте 29 кездесу өткізілсе, дәл осындай іс-шараларды оқу жылының аяғына дейін аудан мектептерінде өткізуді жоспарға қойып отыр.

– 2022 жылы қаржылық алаяқтық белгілерімен Қызылорда облысы бойынша «Rogneda», «Не работа» және «Tiens» жобаларына қатысты 3 іс тіркелді. Тергеу реттілігімен әкі материал полиция органдарына, 1 материал Түркістан об-



Интернет алаяқтарынан қалай қорғану керек?

Заман ағымына қарай алаяқтық қылмысы сан түрленіп, мың құбылуда. Бүгінде нарық пен жарнамалауды мықты меңгеріп алғандар «аңғау елге арамза молданың» кебін киіп жүр. Қазір қаржылық алаяқтықтың кең тараған түрі – интернет арқылы алдау. Интернеттегі қаржылық алаяқтықтың түрі де саналуан. Өйткені алаяқ өзінің олжасымен тікелей байланыса отырып-ақ жүзеге асыра береді.

Соның бірі – интернет арқылы сатып алу. Сатушы жалған немесе жарамсыз жеке куәлікті қолдана отырып, ақша аударымдары жүйесі арқылы тауарды төлеуді сұрайды. Ақша алған кезде алаяқ дереу жоғалады.

Жұлдызнама құрастыру. Пайдаланушыға сауалнаманы толтыру ұсынылады, содан кейін электрондық поштаға жұлдыз жорамалының өзі емес, көрсетілген нөмірге SMS хабарлама жіберу туралы хат жіберіледі. Мұндай хабарламаның құны бірнеше жүз теңге болуы мүмкін.

Тіркеме ретінде жасырылған вирус-файл немесе сілтеме. Оның мақсаты – төлем жүйелеріндегі сіздің шоттарыңыз бен банк карталарының деректері туралы деректерді жинау. Мұндай алаяқтықтан қорғану үшін хаттардағы сілтеме бойынша төлем жүйелерінің сайттарын ашуға қажет, мекен-жай жолындағы URL мекен-жайын тексеріп, сілтеменің қайда апаратынын қарау маңызды. Сілтеме сенімді болып көрінсе де, мекен-жайларды ұйымдардың ресми сайттарының домендік атауларымен тексеру керек.

Сондай-ақ интернет арқылы сауда жасау кезінде жеке банктік картаны тек тексерілген сайттарды ғана пайдаланған жөн. Есепшоттардың құпия сөздерін хабарламай, оларды тек төлем жүйелерінің сайттарында енгізу қажет. Құпия ақпарат бар файлдарды қолжетімді немесе сенімсіз ақпарат құралдарында сақтамай, олардың бірнеше көшірмесін жасап отырмаңыз.

Сонымен қатар жұмыссыз жүрген азаматтарға жұмысқа орналастырамын деп ақша сұрап, алдап жатады. Мұндай жағдай орын алса, қашықтан жұмысқа орналасу кезінде ешқандай жарна төлемеген жөн.

Түйін. «Қаржы пирамидаларын құру мен қаржылық алаяқтық ойын жүзеге асыру үшін миллиондаған қаржылық сауаты төмен азаматтар болса жеткілікті. Алаяқтар қаржыдан қысылып, қиналып жүрген адамдарды алыстан танып, өтірік ашушылық танытып, өз қақпанына тез түсіреді. Расымен алаяқтардың ашкөздігі мен кей адамдардың сенімшілігі бұл мәселенің өзектілігін әлі де жоймай келеді. Сондықтан оңай жерде алтын жатпайтын секілді қауіптер қажет-ақ. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, бақыттан бас айналырар өңгімелерді естіп алып, бұйдасын ұстақан бұзау секілденбей, қандай да бір іске ақша құймақ бұрын оның нақты қандай компания екенін толығырақ біліп, ара-жігін ажыратып барып тіркелген дұрыс болады.

Жандос ЖАЗКЕН

Қырық күн өтті өзіңсіз



Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа шара жоқ. Отбасының тірегі, балаларының арқасуыер асқар тауы Қазбеков Алаберген Жанұлыұлы 2023 жылы 28 қаңтарда мына жалған дүниемен қаша айтты. Артында жоқтап ағайын-жұрты, аулы жары, 4 баласы қалды. Бауырларының ортасында күліп-ойнап жүргені кеше ғана сияқты еді. Сол артыстай азаматтан айырылған уақыттан бері де 40 күн өте шығыпты.

Алаберген Жанұлыұлы 1983 жылы 17 наурызда Жалағаш ауданында дүниеге келген. Өзінің қысқа ғұмырында әр салада еңбек етіп, ақжарқын мінезімен айналасына сыйлы болды. Арамызда болғанда быыл 40 жасын тойлар едік. Аман қанша, ендігі жерде асыл бауырымызды сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын.

Ұл-қызынды ізгілікке бастадың, Өзің жайлы жазылар көп дастаным. Жұмақ болып мәңгі мекен өзіңе, Жатқан жерің жайлы болсын, асқарым.

Еске алушылар бауырлары, зайыбы Гүлзина, ұл-қыздары

Қоғам тыныштығын күзеткен

Полиция – өте күрделі де жауапты, әрі адам бойындағы өзектілік қасиетін талап ететін мамандық. Полиция қызметкері болу өзің үшін емес, өз елің мен қоғамның, адам өмірі мен қауіпсіздігінің мызғымастығына жауапты. Сол үшін де осы саланың жауапкершілігін арқаулаған жандарды қоғам тыныштығын күзетуші, тәртіп сақшылары деп жатамыз. Бүгінде аса күрделі мамандықты абыроймен арқаулап жүрген ерлермен қоса әйел адамдар да осы қызметті мұлтқисіз атқарып келеді. Ерлерге жүктелген жауапкершілік олар да арқалайды, қызығына да, қиындығына да төтеп береді. Бүгінгі өңгімемізде ішкі істер саласында еселі еңбек еткен ардагер аналарымызды тілге тиек етпекпіз.

Жалпы, мамандықтың түрі көп. Оның қайсысы болсын өз алдына білім мен талпынысты, ең бастысы, адалдық пен адамгершілікті талап етеді. Ал біз мақалаға тұздық қылған полиция қызметі адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті сақтау және қадағалауды жүзеге асырады.

Иә, Отанға адал қызмет ету оң әлбетте, ең алдымен отансүйгіштіктен бастау алады. Өз туған жеріне деген отансүйгіштік қасиеті бар адам үшін мемлекет пен қызметіне деген адалдық өз қызығушылығынан арқашан артық тұрады. Ал полиция қызметкері болуды таңдау кімге де болсын ең алдымен осы отансүйгіштік, елдің тыныштығын қорғауға деген ұмтылысы себеп болады деп есептейміз.

Жалағаш аудандық полиция бөлімінде ұзақ жылдар қоғам тыныштығын күзеткен незікжандылар бүгінде бейнәтиңің зейнетін көріп, өздерінен кейінгі жастарға үлгі болып отыр. Олардың әрбірінң өнегемен өрлеген өмір жолы, әр жылдары аудандық полиция бөлімі жұмысының алға басуына жұмсаған күш-жігері елеусіз қалып мүмкін емес. Мәселен, отставкадағы полиция подполковнигі Жанат Мұзаппарова осы шенді иығына таққан аудандағы алғашқы қыз, өзгере басқа ешкім жоқ. Қызылорда пединститутының жаратылыстану факультетін бітірген. Еңбек жолында мектепте мұғалім, онан кейін аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы, үшінші хатшы болған. Тоқсаныншы жылдардың басында комсомолдық жолдаммен АІБ-ге жасөспірімдер инспекциясының инспекторы лауазымына тағайындалған. Қызметін адал атқарып, ерлермен бірдей қызмет етуінің арқасында шен өсіп отырған. Ол осы инспекцияның бастығы, паспорт стольның бастығы, көші-қон полициясы бөлімшесінің бас-

тығы лауазымдарын атқарып, ІІО-да қызмет ету ережесіне сәйкес, құрмет демалысқа шыққан. Одан кейін білім саласында қызмет етіп, аудандағы №31 мектеп-гимназиясында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін жауапкершілігіне алып, бүгінге дейін абыроймен атқарды. Әріптестерінің сөзінше, паспортта жүргенде бүкілодақтық іздеудегі бірнеше қылмыскердің мекен-жайын анықтаған екен. Алмент төлеуден жалтарғандарды тауып, шара көру жөнінде облыстағы ең тәжірибелі қызметкер атанған.

Отставкадағы полиция майоры, ІІО-ның ардагері Марта Талашева да Жалағаштың төл тумасы. «Оп да Қызылорда пединститутының филология факультетінің орыс бөлімін бітіріп, мұғалім болған. Кейін комсомолдық жолдаммен АІБ-ге жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекцияның инспекторы болып келген. Ол осы салаға аялғаш жаңа деп алып келген қызметкер болды. Өйткені бұрын бұл лауазымда бала тәрбиесіне қатысты білімі жоқ елде жастары ер кісілер атқарып келгенді» деп баға береді әріптестері.

Әрине полиция майорының осы қызметте тәртіп бұзушы жасөспірімдерді жазалау бағытында емес, тәрбиелу мақсатында және олармен жасалатын құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында жаңа методикалық тәсілдерді қолданғаны белгілі. Кейін ол паспорт стольның бастығы лауазымынан зейнеткерлікке шыққан. Сонымен бірге ІІО-ның ардагері, отставкадағы полиция капитаны Марина Оңғарбаева да АІБ-ге әдепкіде хатшы-машинистка болып қабылданып, кейін жанерлік мамандық алып, бөлімнің алдын ала тергеу қызметінің анықтаушысы болып офицерлік лауазымыға тағайындалды. Мұндай санаттағы қылмыс жасаушыларды бөлімге шақырмай-ақ елді мекендерге өзі барып, тергеуді сапалы аяқтап, сотқа жолдауға басымдық беретін.



Кейін Марина бөлімдегі мемлекеттік маңызы бар өте құпия мәліметтерді қабылдау-сақтап тиісті лауазым иелеріне табыстауды қамтамасыз ету жөніндегі 2 арнаулы тобын инспекторы лауазымын да адал атқарып, құрмет демалысына шыққан.

Мемлекеттік мекеменің қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз ететін арнаулы қызметтер мен техникалық қызметкерлердің болатыны сөзсіз. Қазір 83 жастағы батыр ана, еңбек ардагері Торы Жүнісова, 70 жастағы Назира Шәмшиевалар да тазалық жұмыстарын барынша адал атқарып, зейнеткерлікке шыққан. Сондай-ақ кезінде бөлімнің қаржымен қамтамасыз ету тобының жетекшісі маманы лауазымын атқарған 85 жастағы еңбек ардагері Оразғұл Жәнібекова қызметте болған жылдары бірде-бір рет мемлекет қаржысының ретсіз жұмсалыуына немесе басқа да қаржылық зейнеткерлікке шыққан жандардың қатарына. Зигабул Орынбекова АІБ-ның уақытша ұстау абақтысының фельдшері болып ұзақ жылдар қызмет еткен. Оның атқарған бұл қызметі өте қиын әрі қауіптілігі басым қызметтер қатарынан екені белгілі. Өйткені оқшауланған арнаулы ғимараттағы

санитарлық тазалық пен уақытша күзетпен ұсталған адамдардың денсаулығына жауапты болуы оңай емес. Бұл іс де өз міндетін адал атқарып, зейнеткерлікке шыққан еңбек ардагері. Осындай басым көпшілігі ер азаматтар қызмет ететін мекемеде ерлермен бірдей табанды еңбек еткен ардақты аналардың ізін бүгінгі пағондағы арұлар жалғастырып отыр. Офицер қыздардың барлығы да ІІМ-нің ведомствалық медаль, тесбелгілерімен және ПД мен аудан облыс әкімдерінің құрмет грамотасы, алғыс хаттарымен марапатталған.

Иә, бүгінде полиция қызметкерлерінің қатарынан нәзікжандарды көру таңсық дүние емес. Өйткені қазір қай салада болсын әйел адамдар бой көрсетіп жатады. Тіпті уақыт өткен сайын тәртіп сақшысы мамандығын жетік меңгерген қыз-келіншектердің қатары артуда. Қоғам тыныштығын күзету, оны асқан жауапкершілікпен атқару оңай емесі бізмізге белгілі. Бұл сала ішкі істер органы болғасын ерлер немесе әйелдер деп бөлінбейді. Өйткені ереже, тәртіп берген бірдей.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 376